

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**АБАЙ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН «КӨШБАСШЫЛЫҚ»,
«ҒЫЛЫМ», «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БАҒЫТТАРЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ
МАЗМҰНЫН КІРІКТІРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми–әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 6 наурыздағы №1 хаттама)

Абай ұлттық мектебіне арналған «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 80 б.

Бұл әдістемелік ұсынымдар Абай ұлттық мектебінде білім беру мазмұнын «Көшбасшылық», «Ғылым» және «Шығармашылық» бағыттары бойынша кіріктіру тәсілдерін айқындайды. Ұсынымдар білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуды көздей отырып, олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Кіріктірілген білім беру тәсілі пәндік мазмұн мен құндылықтық бағдарларды үйлестіре отырып, оқушылардың сыни ойлауын, ғылыми-зерттеу дағдыларын және креативті ойлауын жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, оқу пәндері арасындағы сабақтастық пен пәнаралық байланысты нығайту арқылы білім берудің тиімділігін арттыру көзделген. Бұл әдістемелік ұсынымдар педагогтерге оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыруға, оқушылардың білімін тереңдетуге және олардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

КІРІСПЕ

Абай ұлттық мектебі білім алушыларды жан-жақты дамытуды көздейтін инновациялық білім беру моделін ұсынады. «Көшбасшылық», «Ғылым» және «Шығармашылық» бағыттары бойынша пәндерді кіріктіріп оқыту арқылы білім алушылардың интеллектуалды, рухани және креативті қабілеттерін дамыту көзделген. Әр бағыт бойынша жобалық, зерттеу, шығармашылық және практикалық жұмыстар жүргізіп, өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беріледі.

Бұл орайда Абай ұлттық мектебіне арналған «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу маңызды.

Мақсаты: Абай ұлттық мектебінің білім беру жүйесіне «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттарын кіріктіре отырып, оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіру және білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық, ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған әдістемелік негіздерді қалыптастыру.

Міндеттері:

- Көшбасшылық дағдыларын дамыту;
- Ғылым негіздерін терең меңгерту;
- Шығармашылық әлеуетті арттыру;
- Оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіру.

«Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттарының негізгі қағидалары әртүрлі пәндердің мазмұнына сәйкестендіріледі және білім беру процесінде пәнаралық байланысты нығайту арқылы кешенді оқыту тәсілдері әзірленеді.

Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтар жүйленген. Олар: 1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік пен ынтымақтастық; 3) әділдік пен жауапкершілік; 5) еңбекқорлық және кәсіпқойлық; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. Аталған құндылықтар жүйесі тұлға бойында патриотизм мен тәуелсіздікті ту етіп, елінің болашағы үшін жауапкершілік алады. Өзінің ұлттық тамырын терең сезініп, оны әлемдік өркениетпен ұштастыра біледі.

Осылайша, Абай мектебінің түлектері – көшбасшы, ғалым және шығармашыл тұлға болып қалыптасады. Сонымен қатар мектеп түлегі Абай Құнанбайұлының, Алаш зиялыларының өнегесін және жаһандық құндылықтарды өмірде қолдана біледі, бірлік пен ынтымақтастық қағидаларын берік ұстанады. Қоғамда өз орнын тауып, ортақ мүдде үшін еңбек етіп, әртүрлі пікірлерді сыйлай біледі. Көшбасшылық қабілеті арқылы білімін тереңдетіп, айналасына оң ықпал етеді. Әділдік пен жауапкершілік оның ішкі моральдық темірқазығы іспетті. Ол әр ісіне адалдықпен қарап, әділетті шешімдер қабылдап, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарады.

1. ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫН КІРІКТІРУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ТАЛДАУ

Қазіргі әлемде көшбасшылық тек саясатта немесе бизнесте ғана емес, кез келген салаға қажет. Білім алушылардың өзін-өзі дамытуына, шешім қабылдау қабілетінің артуына және қоғамға ықпал етуіне жағдай жасау маңызды.

Ақпараттық дәуірде көшбасшылар тек бұйрық беруші емес, стратег, ойшыл және мотиватор болуы тиіс. Заманауи көшбасшы технологияны меңгерген, эмоционалды интеллектісі жоғары, командамен жұмыс істей алатын адам болуы керек.

Көшбасшылық дағдылары бар білім алушы қоғамға бей-жай қарамайды, әділеттілік пен жауапкершілікті сезінеді, қоғамдағы өзгерістерге үлес қосуға дайын болады. Мұндай мәселелерде түрлі әдіс-тәсілдер қолдануға болады.

Интерактивті оқыту әдістері:

Дебаттар мен пікірталастар – білім алушыларға өз ойын еркін жеткізуге үйретеді.

Кейс-стадилер (жағдаяттық тапсырмалар) – нақты өмірлік мәселелерді талдап, шешім қабылдау дағдыларын дамытады.

Рөлдік ойындар – оқушыларды белгілі бір тарихи немесе заманауи көшбасшылардың орнына қойып, шешім қабылдау тәжірибесін береді.

Жобалық оқыту:

– «Жас көшбасшы» жобасы – әр оқушы өз аймағындағы әлеуметтік мәселелерді зерттеп, оны шешуге арналған бастама ұсынады.

– «Болашақ көшбасшылар» TEDx форматындағы баяндамалар – білім алушылар өз идеяларын аудитория алдында қорғауға үйренеді.

– «Көшбасшылық алаңы» – топтық шешім қабылдау арқылы инновациялық жобалар жасау.

Технологияны пайдалану:

– Виртуалды көшбасшылық тренажерлері (симуляциялар) – нақты өмірде кездесетін қиын шешімдерді модельдеу арқылы оқыту.

– Онлайн-платформаларда (Coursera, Khan Academy, Udemu) көшбасшылық курстарын оқу.

– Әлемдік көшбасшылардың TED Talks дәрістерін талдау.

Көшбасшылықты оқу процесіне кіріктіру – тек белгілі бір дағдыларды қалыптастыру емес, болашақта белсенді, саналы, әділ және жан-жақты тұлға тәрбиелеудің негізгі жолы. Заманауи әдістерді қолдану арқылы әрбір оқушы көшбасшылық қасиеттерін дамытып, өмірде өз орнын таба алады.

Пән	Кіріктіру әдістері
Қазақ тілі мен әдебиеті	Көшбасшылардың шешендік сөздерін талдау, эссе жазу («Менің көшбасшылық қағидам»), пікірталас ұйымдастыру.
Тарих	Қазақ және әлем көшбасшыларының тәжірибесін зерттеу, тарихи шешімдерді талдау, көшбасшылықтың эволюциясын қарастыру.
Математика	Стратегиялық ойлау мен шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға арналған логикалық есептер, деректермен жұмыс жасау.

Физика, химия, биология	Ғылыми жобалар жасау, зерттеу топтарын басқару арқылы көшбасшылықты дамыту.
Құқық және Тұлғатану	Әділетті көшбасшылық, этикалық шешім қабылдау мәселелерін талқылау.
Информатика	«Цифрлық көшбасшылық» тақырыбында ІТ жобалар әзірлеу.
Дене шынықтыру	Командалық ойындар арқылы көшбасшылық дағдыларын дамыту.
Өнер және музыка	Шығармашылық көшбасшылардың рөлін зерттеу, өнердегі жаңашыл тұлғаларды талдау.

Кіріктіріп оқыту – ХХІ ғасыр талабы. Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту тарихына көз жүгіртсек, бұл идея Я.А.Коменскийден басталады. Ғалым: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысы көрсетіле отырып оқытылуы қажет», – деген болатын. Атақты педагог пәндердің арасындағы байланысты пайдаланып, кіріктіре оқыту негізінде оқыту үрдісінің біртұтастығын қалыптастыруға қол жеткізуге болатынын айтты.

Кіріктіру – бір оқу мазмұнының әртүрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар білім алушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады.



1-кесте. Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқытудың жүйелік сипаты

Р. Декарттың «*Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай, олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай*» деген пікірін еске алсақ, пәнаралық байланыс білім берудің кіріктірілген технологиясының құрамына енеді. Оның ұғымының ауқымы кең. Философиялық, педагогикалық ұстаным жағынан бұл технология – жеке тұлғаның ойлау дәрежесімен бүкіл адамзат қауымы санасының санғасырлық даму дәрежесін ретке келтіруші, үйлестіруші қозғаушы күш.

Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-синтездік білім беру болып табылады. Кіріктіріп оқыту ұстанымдары кіріктіріп оқытудың басты мақсатына – білім алушылардың ойлау қабілетінің дамуына тікелей бағытталған. Яғни:

1. *Білімдердің синтезі.* Оқу материалын тұтас, жинақталған, жүйеленген түрде қабылдау оқушының ой өрісінің кеңдігін қамтиды. Кіріктіру әдістерімен зерделенетін мәселені шешу ойлау қабілетін белсенділігі мен мақсаттылығын дамытады.

2. *Оқу материалын тереңдету.* Оқу материалын терең ұғыну кең ауқымды ойлауға ықпал етеді.

3. *Мәселенің өзектілігі, немесе мәселенің практикалық маңыздылығы.* Оқу материалын меңгеру барысында практикалық мәселені шешу оқытудың тәжірибелік бағытын күшейтеді, оқушының сын тұрғысынан ойлауын, теория мен практиканы салыстыра алу қабілетін дамытады.

4. *Баламалы шешім.* Белгілі жағдайда жаңа тәсілдерді қолдана алу, мәселені ерекше шеше алу, шешу жолдарын таңдай алу, ойлау ерекшелігін дамытуға ықпал етеді. Шешімдерді салыстыру ой ұшқырлығын, сын тұрғысынан ойлауды, ойдың жинақтығын, жүйелілігін дамытады.

Оқушылардың дұрыс шешімді, мақсатқа жетудің қысқа жолын таңдау барысында ұтымды, тиімді, мақсатты ойлау қабілеттері арта түседі.

5. *Шешімнің дәлелдігі.* Мәселені дәлелді шешу ойлау қабілетін дамытады.

Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – әлеуеті жоғары дамыған, жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылатын білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген. Осы тұста кіріктірілген білім бағдарламасы көп табыстарға 6 негіз болады. Өйткені, кіріктірілген бағдарлама бірнеше құндылықты негізге алады. Олар: құрмет; ынтымақтастық; азаматтық жауапкершілік қалыптастыру;

ашықтық; өмірбойыбілімалу. Белгіленген құндылықтар аясындағы мақсат – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлға ретінде дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Міне, тек осындай сипаттағы қолайлы білім беру кеңестігінде оқып-тәрбиеленген мектеп түлегі кең ауқымды дағдыларға ие болады. Олар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімін шығармашылықпен пайдалана білу;
- зерттеушілік дағдылары;
- АКТ дағдылары;
- топта және жеке ынтымақтастықта жұмыс істей білуі;
- коммуникативтік дағдылары (тілдік дағдыларын қоса алғанда);
- қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары т.б.

бірнеше дағдылар қалыптасады.

Оқу процесінде пәндерді кіріктіріп оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;
- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- білім алушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу
- танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;
- сабақ процесінде өтілетін тақырыптың күнделікті өмірмен тікелей байланысына мән беруге;
- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.

«Кіріктірілген тіл мен әдебиет» пәнін оқытудың мақсаты, міндеттері, ұстанымдары мен әдістері, танымдық талдаудың шығармашылық деңгейге өсу барысында іске асырылатын мағыналық бағдарлары, байланыстары, технологиялық шарттары жаңа жүйеде қалыптасады. «Тіл мен әдебиет» пәнін кіріктіріп оқытудың мақсаты – оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. Оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ, ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар, т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады.

«Тіл мен әдебиет» пәнінің кіріктіріп оқыту бағдарламасының мақсаты – оқушыларға өз ойын жеткізу жолдары, әңгімелерді баяндау және өздерінің қызығушылықтары, жоспарлары туралы диалог барысында айту; тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіре отырып

жауап беру; көркем және көркем емес (нұсқаулық, жарнама) мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды және анализ жасау; қысқа жүйелі мәтіндерді жазу барысында қажетті және қызықты ақпараттарды пайдалана білу дағдыларын меңгерту.

«Тіл мен әдебиет» пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту – тілді меңгеру мен әдеби талдауды бір-бірімен тығыз байланыстыра отырып, оқушылардың тілдік, әдеби, мәдени және когнитивті дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Бұл тәсіл бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Тілдік дағдыларды жан-жақты дамыту. Әдеби шығармаларды оқу мен талдау арқылы оқушылар қазақ тілінің бай лексикасын, стильдік ерекшеліктерін және грамматикалық құрылымдарын терең меңгереді. Мысалы, көркем әдебиетті оқи отырып, оқушылар синонимдер, метафоралар, тұрақты тіркестер мен фразеологизмдерді дұрыс қолдануды үйренеді. *Сөздік қордың артуы және тілдік стильді меңгеру.* Көркем шығармалар арқылы оқушылардың сөздік қоры байиды. Ресми, бейресми, публицистикалық, көркем стильдерді салыстыра отырып, олар тілдің қолданыс аясын кеңірек түсіне бастайды.

Қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымын тереңірек түсінеді. Әдеби шығармалар қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын түсінуге көмектеседі. Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту оқушыларға тілді жай ғана коммуникативтік құрал ретінде емес, ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Көркем шығармалардағы автордың ойы, оқиғаның желісі, кейіпкерлердің мінез-құлқы талданған кезде, оқушылар мәтінді түсіну, интерпретациялау, талдау, бағалау сияқты когнитивті дағдыларды дамытады. Бұл олардың логикалық ойлау қабілетін де нығайтады. Әдеби шығармалардан алынған үзінділер арқылы оқушылар морфология, синтаксис, пунктуация, стилистика сияқты грамматикалық аспектілерді нақты мысалдармен

үйрене алады. Мысалы, Абайдың қара сөздерін талдау барысында етістіктердің шақ формаларын, күрделі сөйлем құрылымдарын және тұрақты тіркестерді түсінуге болады. Әдеби шығармалар оқушылардың эмпатиясын, шығармашылық ойлауын, эстетикалық талғамын дамытады. Бұл олардың тілдік қарым-қатынасқа деген қызығушылығын арттырады. Интеграцияланған білім берудің маңызы зор. Тіл мен әдебиетті бірге оқыту пәнаралық байланысты күшейтеді. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар (мысалы, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы) тарих пәнімен байланыстырылса, көркем шығармалардың мазмұны философиялық, психологиялық мәселелермен ұштастырылады. Тарих, қазақ әдебиеті және қазақ тілі пәндерін кіріктіре отырып, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Мұндай тәсіл қазақ тілін құрғақ грамматикалық ережелер ретінде емес, тарихи-әдеби мазмұн арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Мысалы, тарихи контекст және тілдік қолданысты талдауға тапсырма ұсынуға болады. Берілген үзінді: *«Қасым ханның Жәнібек ханнан кейін Қазақ ордасын күшейтіп, оны айбынды елге айналдырғанын тарих біледі. Бірақ сол күшейген елдің бірлігі мен тыныштығы тағы да сынға түскен еді...»*


Тапсырма. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Тарих пәнінен: Үзіндіде қай кезең сипатталған? Қасым ханның Қазақ хандығын күшейту жолындағы рөлі қандай болған?


Қазақ тілі пәнінен: Мәтінде қандай етістік шақтары қолданылған? «Айбынды ел», «күшейген орда» деген сөз тіркестерінің синтаксистік құрылымын талдаңыз. Берілген үзіндідегі уақыт концептісіне талдау жасаңыз.

Қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту білім алушылардың тілдік құзыреттілігін, әдеби талдау дағдыларын, мәдени танымын, логикалық және креативті ойлау қабілеттерін дамытатын кешенді әдіс болып табылады. Бұл әдіс қазақ тілін үйренуді қызықты, мағыналы әрі нәтижелі етеді.

Әлемдік оқу тәжірибесінде әдебиет пәнін кіріктіріп оқытылуына тоқталсақ.



1-сурет. Әдебиетті кіріктіріп оқыту әдістері



2-сурет. Әдеби мәтінді талдау деңгейлері

2-кесте – Пән мазмұнындағы ерекшеліктер

№	Тәсілдеме	Мемлекет	Мазмұн
1.	Жанрға бағытталған оқыту	Сингапур, Түркия	ертегі, мысал, поэма, дастан, хикаят, әңгіме, роман, пьеса, сатиралық өлеңдер

2.	Концепт негізінде оқыту	Халықаралық бакалавриат	Эстетика Өзгерістер Коммуникация Қауымдастық Байланыстар Креативтілік Мәдениет Даму	Бірегейлік Логика Көзқарас Қарым-қатынас Жүйе Уақыт, орын және кеңістік Жаһандық қарым-қатынастар
3.	Дағдыға негізделген оқыту	Эстония	Мазмұндау Интерпретация, анализ және мәтінді түсіну Мәтінді тұтас қабылдау Шығармашылық жұмыс	

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

«Тіл мен әдебиет» пәндерін кіріктіріп оқу арқылы білім алушылар:

- сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
- коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауды үйренеді;
- қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады.

«Тіл мен әдебиет» пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасы «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады. Педагогтер білім алушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда:

- оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың бұған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау;

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

- мәселелерді шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету;

- оқушылардың білім алуына «Оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;

- оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;

- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту; - оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу» пәнінің кіріктіріліп оқытуда қолданылатын принциптер:

- оқушының қатесі үшін жазалап оқыту емес, қателерін түзету үшін оқыту. Оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;

- оқушыларға дебат тақырыбын таңдауға, зерттеуге және «жақтаушы, даттаушы» топтарын құруға мүмкіндік беру – аргументтерді қолдана білу дағдыларын қалыптастырады, өз ойын жеткізуге, таңдауға және келісімге келуге, шығармашылыққа мүмкіндік береді;

- тапсырмалар (белсенді іс-әрекеттер) арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру;

- оқу процесінде педагог емес оқушы неғұрлым белсенді болғанына назар аударылады, педагог оқу материалын дайын күйінде бермейді, ашық сұрақ қою, назарын шоғырландырып оқу, шолу жасау, тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттайды;

- оқу және жазуға негізделген сабақтарды тиімді құру сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді, яғни ол қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату және рефлексия кезеңдерінен тұрады. Әр кезеңде белгілі бір оқыту мақсатын қоя отырып, педагог білім алушыларға мақсатқа жетуге, мәселені анықтауға, талқылауға, жауаптарды іздеуге, қорытынды жасай отырып, өз ойын білдіруге және ашық қоғамның азаматы болуға үйретеді;

- интерактивті оқыту әдіс-тәсілі арқылы оқушы интелектісіне әсер ету, яғни ақпарат педагогтен білім алушыға, білім алушыдан педагогке беріліп отыруына мүмкіндік береді. Белсенді оқытуда оқушылар өз пікірін айта білуді және өзгенің пікіріне құрметпен қарауды үйренеді;

- ұжымдық оқыту технологиясы жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді қолданып көруге бағыттап отырады .

Кіріктіріп оқытудың негізгі және міндетті талабы – оқушының өзіндік жұмыс істеу қызметін арттыру, өйткені кіріктіру оқу материалының тақырыптық аясын кеңейте отырып, терең талдауды және жетілдіруді, басқа пәндер есебінен толықтыруды қажет етеді. Педагог сабақты жоспарламас бұрын мақсатын анықтап алады, сол мақсатқа қол жеткізу үшін сабақта қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерді іріктеп алады. Педагогтер пән бойынша оқу бағдарламасының

талаптарын орындауға тиіс, сонымен бірге оқыту барысында төмендегі бірқатар мәселелерді ескеру керек:

- сабақта бірнеше жаттығу түрлерін жоспарлау;
- қысқа уақыт алатын жаттығу дайындау (әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұрмайды);
- бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, оқушыларға сабақтың басты мақсаты туралы ескертіп отыру;
- сыныппен өзара әрекеттестік стильдерін өзгертіп отыру;
- жеке, жұптық, топтық немесе барлық сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану.

Кіріктірілген сабақтардың негізгі құрылымы:

1. Кіріспе бөлім. Бұл бөлімде сабақтың мақсаты, міндеті, негізгі білім анықталады.

2. Негізгі бөлім. Негізгі бөлімінде оқу материалының мазмұны ашылады. Сабақтың бұл бөлігі вариативті, өйткені оқытудың түрлі әдіс-тәсілін, оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру формаларын қолдануды және педагог тарапынан педагогикалық шеберлікті талап етеді.

3. Қорытынды бөлім. Сабақты қорытындылау, оқушылардың жұмысын бағалау, үй тапсырмасын белгілеу.

Кіріктірілген сабақ – дәстүрлі түрдегі сабақта іске асыра алмайтын бірнеше міндеттерге қол жеткізеді. Мысалы: ұйымдастыру формасының ерекшелігінің арқасында (өзгеше, яғни қызықты) оқу әрекеттік уәждемені арттыру; әртүрлі пәндер саласында қолданылатын түсініктерді қарастыру; ойлау операцияларымен мақсаттанған жұмысты ұйымдастыру: салыстыру, жалпылау, жіктеу, талдау, жинақтау.

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту – заманауи білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын әдістемелік бағыттардың бірі. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік және әдеби сауаттылығын қатар дамытып, олардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Әлемдік тәжірибеде бұл бағыт бірнеше үлгіде жүзеге асырылады.

1. Финляндия тәжірибесі

Финляндияда кіріктірілген оқыту (phenomenon-based learning) кең таралған. Мұнда тіл мен әдебиет басқа пәндермен де үйлестіріліп оқытылады. Білім алушылар белгілі бір тақырып аясында әдеби шығармаларды талдап, олардың тілдік ерекшеліктерін зерттейді. Сондай-ақ, олар өз ойларын эссе, баяндама немесе шығармашылық жұмыстар арқылы білдіруге үйренеді. Бұл тәсіл тілдік құзыреттілікті дамытып қана қоймай, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіреді.

Финляндиядағы жоғары мектептер үшін негізгі оқу бағдарламасына сәйкес, әлеуметтік зерттеулер пәнінің оқу бағдарламасы оқушылардың экономика, этика және азаматтық дағдыларын жалпы түрде дамытуға бағытталған. Бұл пәндер/тақырыптар әлеуметтік зерттеулер ретінде қарастырылуы мүмкін және жоғары мектептер үшін негізгі оқу бағдарламасы әлеуметтік зерттеулердің нақты пәндерін анықтайды:

1.Саясат және қоғам:

Финляндия қоғамы,

Конституциялық мемлекет және ішкі қауіпсіздік,

Жақсы өмір сүру және теңдік,

Күш, ықпал ету құралдары және саясат жасау;

2.Экономика:

Ұлттық экономика және жеке экономика,

Нарық, бизнес циклі және экономикалық өмір,

Экономикалық саясат,

Ғаламдық экономика және Финляндия;

3.Финляндия, Еуропа және өзгеріп жатқан әлем:

Еуропалықтық және еуропалық бірегейлік,

Еуропалық интеграцияның мақсаттары мен әрекеттері,

Қауіпсіздік және болашақтың өзгеріп жатқан қиындықтары;

4.Арнайы курс – Азаматтар және заң:

Заң негіздері,

Азаматтардың негізгі заңды әрекеттері,

Қылмыстық және процессуалдық заң.

Алғашқы үш курс (Саясат және қоғам, Экономика және Финляндия, Еуропа және өзгеріп жатқан әлем) міндетті курстар болып табылады.

Одан басқа, негізгі оқу бағдарламасы басқа барлық пәндер мен мектеп мәдениетіне кросс-пәндік тақырыптар мен кең ауқымды құзыреттілік салаларын қамтиды. Кәсіптік білім беру жүйесінде бұл тақырыптар өмір бойы оқытуда негізгі дағдылар ретінде де белгілі:

Белсенді азаматтық, кәсіпкерлік және еңбек өмірі,

Қауіпсіздік және әл-ауқат,

Тұрақты даму және ғаламдық жауапкершілік,

Мәдени бірегейлік және мәдениеттер туралы білім,

Көптілділік және медиа,

Технология және қоғам.

ІСТЕЙТІНДЕР - DO

Мектептің өз оқу бағдарламасын жасауға деген автономия – мектеп пен педагогтер.

Қоршаған орта мен аймақты оқуға тарту, мысалы, бизнестерді оқуға қосу (әлеуметтік өсу)

Педагогтердің оқыту тәсілдерін таңдау және қандай оқу әдістерін қолдану еркіндігі (интеграцияланған оқу)

Оқушының оқу жауапкершілігі және өзінің оқу жолын қалыптастыру

Оқуды бағалау, мысалы, тең құрдастардың бағалауы, ауызша кері байланыс және портфолио (тек емтиханға негізделген бағалаудан басқа)

ІСТЕМЕЙТІНДЕР – DON'T

Үкіметтік ұйымнан оқу бағдарламасын құру үшін тым қатаң стандарттар мен нұсқаулар

Аймақтық дамуға қатыспау және жергілікті бизнеспен өзара әрекеттеспеу

Тым авторитарлық және дәстүрлі оқыту тәсілдері
Барлық оқушы үшін бірдей оқу жолдары
Тек емтиханға негізделген оқуды бағалау

2. Сингапур тәжірибесі

Сингапурда тіл мен әдебиетті оқытуда коммуникативтік және интегративті тәсілдер басымдыққа ие. Әдеби мәтіндер тек талданбайды, олар сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын дамытудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Оқушылар шығармаларды сахналандырып, олар бойынша пікірталастар ұйымдастырып, мәтіндерге талдау жасайды. Бұл әдіс әдебиеттің мазмұнын терең түсінуге және тілдік дағдыларды табиғи жолмен дамытуға көмектеседі.

3. Ұлыбритания тәжірибесі

Ұлыбританияда тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқытуда CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдісі қолданылады. Бұл тәсілде әдеби шығармаларды талдау кезінде оқушылар тілді функционалдық және академиялық тұрғыдан игереді. Әдеби кейіпкерлердің сөзін, сөйлеу мәнерін зерттеу арқылы оқушылар тілдік құрылымдарды меңгереді. Сондай-ақ, мәтіндер арқылы мәдениетаралық коммуникация да дамытылады.

4. АҚШ тәжірибесі

АҚШ-та «Language Arts» деп аталатын пәндер жүйесі бар, онда тіл мен әдебиет қатар оқытылады. Бұл жүйеде оқушылар мәтіндерді оқып, оларды мазмұндық, стилистикалық және грамматикалық тұрғыдан талдайды. Әдеби шығармаларды оқытуда жазу дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді: оқушылар эссе, мақала, көркем шығармалар жазады. Сонымен қатар, жобалық жұмыстар кеңінен қолданылады.

5. Қазақстандағы тәжірибе

Қазақстанда тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту жаңартылған білім беру мазмұны аясында жүзеге асырылуда. Білім алушылар әдеби шығармаларды оқып, олардың мазмұнын сыни тұрғыдан талдайды, сонымен қатар грамматикалық ерекшеліктеріне назар аударады. Жаңартылған бағдарламаның басты ерекшелігі – тілдік дағдыларды дамытуда коммуникативтік тәсілдерді қолдану.

Әлемдік тәжірибеде тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл әдіс арқылы олар тек әдеби шығармаларды оқып қана қоймай, тілдік дағдыларын кешенді түрде жетілдіреді, өз ойын еркін жеткізуге үйренеді. Қазақстандық білім беру жүйесінде де осы бағыттағы әдістемелерді жетілдіру маңызды.

Ағылшын тілі мен қазақ тілінің грамматикасын кіріктіріп оқыту оң нәтиже береді. Бұл әдіс, әсіресе, екі тілдің грамматикалық құрылымдарын салыстыра оқып үйренуге мүмкіндік береді, сол арқылы тіл үйренушінің логикалық ойлау қабілетін және тілдік интуициясын дамытады. Шет тілін тезірек меңгеруге көмектеседі. Екі тілді салыстырып оқыту арқылы ағылшын тілін үйрену жеңілдейді. Себебі оқушы тек жаңа тіл үйреніп қана қоймай, оны өз ана тілі арқылы жүйелі түрде түсіне алады.

Грамматикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Кіріктірілген оқыту барысында екі тілдің құрылымдарын салыстырып оқыту арқылы оқушылар олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жақсы меңгереді. Мысалы, ағылшын тіліндегі шақ жүйесі (tenses) мен қазақ тіліндегі етістік шақтары, рай категориялары салыстырылса, оқушы әр тілдегі уақытты білдіру тәсілдерін саналы түрде қабылдайды. Сонымен қатар екі тілде де сөйлеу дағдысын жетіледі.

3-кесте. Қазақ тіліндегі шартты рай мен оның ағылшын тіліндегі баламасы

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
шартты рай қимылдың орындалу-орындалмауы белгілі бір шартқа байланысты болатынын білдіреді. Ол -са, -се жұрнақтары арқылы жасалады.	шартты мағына Conditional Sentences (шартты сөйлемдер) арқылы беріледі. Олар қазақ тіліндегі шартты райға ұқсас, бірақ грамматикалық құрылымы күрделірек.
Ұқсастығы	
➤ Екі тілде де шартты әрекетті білдіреді. ➤ Екі тілде де «егер» (if) шылауы жиі қолданылады. ➤ Болымсыз түрі қазақ тілінде – «егер ... болмаса», ағылшын тілінде – «if ... not» немесе «unless»	
Айырмашылығы	
➤ Қазақ тілінде шартты рай -са, -се жұрнақтары арқылы жасалады. ➤ Ағылшын тілінде шартты сөйлемдер бірнеше түрге бөлінеді (Zero, First, Second, Third Conditional). ➤ Ағылшын тілінде шартты рай арнайы грамматикалық шақтарды талап етеді, ал қазақ тілінде шартты рай етістікке тікелей жалғанады.	

Грамматикалық құрылымдарды қатар меңгеру оқушылардың екі тілде де ойлау және сөйлеу қабілетін жақсартады. Қазақ тілінің ерекшеліктерін түсінген оқушы, оны ағылшын тілінің құрылымымен салыстыра отырып, өз ойын нақты әрі дұрыс жеткізуге үйренеді. Аударма жасау және екі тілде еркін сөйлеу, сауатты жазу дағдылары дамиды. Ағылшын мен қазақ тілінің грамматикалық жүйесін кіріктіріп оқыту синхронды және жазбаша аударма дағдыларын дамытады. Оқушылар мәтіндерді екі тілде салыстыра отырып, мағыналық реңктерді сезіне бастайды. Көптеген қазақ тілді оқушылар ағылшын тілін үйрену кезінде тілдік интерференцияға (бір тілдің екінші тілге әсері) тап болады. Мысалы, қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі еркін, ал ағылшын тілінде қатаң SVO (бастауыш-баяндауыш-толықтауыш) тәртібі сақталады. Осыны арнайы салыстырып оқыту арқылы оқушылар бұл айырмашылықтарды тез түсініп, қателіктерді болдырмауға тырысады.

Метатілдік сана мен когнитивті дағдылардың дамуы жақсарады. Кіріктірілген оқыту арқылы оқушылар грамматикалық ережелерді саналы түрде талдай алатын деңгейге жетеді. Бұл олардың тілге деген қызығушылығын арттырып, логикалық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Ағылшын мен қазақ тілінің грамматикасын кіріктіріп оқыту тіл үйренушінің екі тілді де саналы түрде меңгеруіне, салыстырып талдауына, сөйлеу дағдыларын

жетілдіруіне және қателіктерді азайтуына көмектеседі. Бұл әдіс әсіресе ағылшын тілін үйренуші қазақ тілді аудитория үшін өте тиімді.

Мазмұн мен тілді біріктірілген оқыту (CLIL) физика немесе география сияқты басқа (мазмұндық) пәнді шет тілі арқылы оқуды және мазмұнға негізделген пәнді оқу арқылы шет тілін үйренуді сипаттайтын терминге айналды.

ELT тілінде CLIL нысандары бұрын «Мазмұнға негізделген нұсқау», «Оқу бағдарламасы бойынша ағылшын тілі» және «Қос тілді білім беру» деп аталды.

Еуропалық Одақтың кеңеюімен тілдің әртүрлілігі мен қарым-қатынас қажеттілігі орталық мәселелер ретінде қарастырылады.

Ағылшын тілі негізгі тіл болғанымен, басқа тілдердің жойылып кетуі екіталай. Кейбір елдер өз шекараларында басқа тілдерді қолдануға қатысты күшті көзқарастарға ие.

Елдер арасындағы байланыс күшейген кезде екінші немесе үшінші тілде коммуникативті дағдыларға деген қажеттілік артады.

Тілдер Еуропадағы оқу бағдарламаларында маңызды рөл атқарады. Педагогтердің біліктілігін арттыруға және тілдік білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін негіздер мен әдістерді дамытуға назар аудару қажет.

Еуропалық Комиссия 1990 жылдардан бері қостілділік пен тілдік білім берудің жай-күйін зерттеп келеді және адамдар екі немесе үш тілде жұмыс істей алатын көптілді Еуропа туралы нақты көзқарасқа ие.

CLIL негізі – мазмұнды пәндер оқушылардың ана тілі болып табылмайтын тілде оқытылады және оқытылады.

Тіл білу мазмұнды оқыту құралына айналады.

Тіл кең оқу бағдарламасына біріктірілген.

Оқыту мотивациясын арттыру және контексте көрінетін табиғи тілді зерттеу арқылы жақсарады. Оқушылар тақырыпқа қызығушылық танытса, олар қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеруге ынталанады.

Еркін сөйлеу дәлдіктен маңыздырақ және қателер тілді үйренудің табиғи бөлігі болып табылады. Ағылшын тілін әртүрлі мақсаттарда сөйлесу үшін қолдану арқылы оқушылар ағылшын тілінде еркін сөйлейді.

CLIL мыналарға көмектеседі: кеңірек мәдени контекстпен таныстыру, интернационалдандыруға дайындалу, халықаралық сертификатқа қол жеткізіңіз және мектеп профилін жақсарту, жалпы және арнайы тілдік құзыреттілігін арттыру, болашақ оқуға және/немесе жұмыс өміріне дайындалу, көптілді қызығушылықтар мен көзқарастарды дамыту, сыныптағы оқыту мен оқудың әдістері мен формаларын әртараптандыру, оқушының мотивациясын арттыру.

Тіл үйрену мен тіл арқылы білім алу қатар жүретін процестер екені даусыз, бірақ CLIL-ді енгізу лингафондық кабинет пен тіл педагогының дәстүрлі тұжырымдамаларын қайта қарауды талап етеді. Тікелей кедергілер мыналар сияқты:

Пән мұғалімдерінің тіл үйретуіне қарсылық тіл мұғалімдерінің өздерінен болуы мүмкін. Пән педагогтері жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмеуі мүмкін.

Қазіргі CLIL бағдарламаларының көпшілігі эксперименттік болып табылады. Зерттеуге негізделген эмпирикалық зерттеулер аз, ал CLIL типті қос тілді бағдарламалар негізінен жеке секторда сатылатын өнімдер болып табылады.

CLIL тілді меңгеруге негізделген, бірақ біртүлділік жағдайларда пән педагогінен дағдыларды талап ететін саналы оқытудың жақсы бөлігі қатысады.

CLIL педагогтерді даярлау бағдарламаларының жоқтығы екі тілді бағдарламаларда жұмыс істейтін педагогтердің көпшілігінің жұмысты тиісті түрде орындауға нашар жабдықталуы мүмкін екенін көрсетеді.

Мазмұнды түсіну тілдік құзіреттіліктің жетіспеушілігінен төмендемейтінін көрсететін дәлелдер аз. Қазіргі пікір тілдік қабілеттілікті белгілі бір кезеңнен кейін мазмұнды оқыту арқылы ғана арттыруға болатын сияқты.

CLIL кейбір аспектілері табиғи емес; оқушының екінші тіл арқылы өз елінің әдебиеті мен мәдениетін бағалау сияқты.

Педагогтерге арналған CLIL тренингі және материалдар мәселесі шешілмейінше, жақын болашақ интеграцияланған мазмұн мен тілді үйренуден гөрі параллельді түрде қалады. Дегенмен, еуропалану жағдайында тіл үйретуді реформалау қажеттілігі болашақта CLIL-ді көптеген еуропалық білім беру жүйелерінің ортақ ерекшелігіне айналдыруы мүмкін.

CLIL иммерсиондық бағдарламаларда (Солтүстік Америка) және азшылық немесе ұлттық тіл (Испания, Уэльс, Франция) арқылы білім беруде және «шетел» тіл арқылы білім берудің көптеген нұсқаларында прецеденттерге ие. Еуро қаржыландыратын жобалар кейбір елдерде CLIL немесе ұқсас жүйелердің қолданылып жатқанын, бірақ педагогтерді даярлау бағдарламаларының бөлігі емес екенін көрсетеді. «Баламалы» екі тілді оқу бағдарламаларын ұсынатын мектептер санының артуы, оқыту мен әдістеме бойынша кейбір зерттеулер жүргізілді. CLIL жобаларына маманданған бірнеше ірі еуропалық ұйымдар пайда болды, соның ішінде UNICOM, EuroCLIC және TIE-CLIL (толығырақ ақпаратты веб-анықтамаларды қараңыз).

Ұлыбританияда ынталандыру Ұлыбритания үкіметінің тілдер бойынша сараптама орталығы болып табылатын CILT (Тілдер бойынша ұлттық орталық) ұйымдастыратын Мазмұн мен тілді біріктіру жобасынан (CLIP) келеді. CILT 7-16 жас аралығын қамтитын және француз тілін бастауыш оқу бағдарламасына біріктіру сияқты тілді оқытудағы инновацияларды қамтитын бірқатар жобаларды бақылайды. Басқа зерттеулер Ноттингем университетінде негізделген, ал CLIL бойынша мұғалімдерді даярлау және дамыту курстары NILE (Норвич тіл білімі институты) арқылы қолжетімді.

Қазіргі білім беру саласында Говард Гарднердің көптік зияты теориясы, оның теориялық негіздері, зерттеу әдістемесі және педагогикалық әдістерінің ықпалы зор.

XX ғасырдың екінші жартысында психология және білім беру салаларында радикалды өзгерістерге алып келген теориялардың бірі – Говард Гарднердің көптік зияты (интеллект) теориясы болып табылады. Бұл теория адамның ақыл-ойын бір ғана өлшем бойынша бағалаудың шектеулілігін көрсетіп, интеллекттің

әр түрлі аспектілерін анықтап, жеке тұлғаның дамуына жан-жақты көзқарас ұсынады. Зерттеуші Гарднер адамның танымдық қабілеттері әртүрлі және олардың дамуы мен өзара байланысы кешенді жүйе ретінде қарастырылуы тиіс деген ұстанымды ұсынады. Осы мақаланың мақсаты – Говард Гарднердің көптік зияты теориясының негіздерін, зерттеу әдістемесін, педагогикалық қосымшаларын және теорияға бағытталған сын-пікірлерді жан-жақты талдау болып табылады.

Говард Гарднер – Гарвард университетінің танымал психологы және білім беру саласындағы пионерлердің бірі. Оның зерттеулері адамның мидың құрылымдық ерекшеліктері мен танымдық функциялары арасындағы байланысты тереңінен түсінуге негізделген. 1983 жылы жарияланған «Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences» атты еңбегі Гарднердің теориясының негізін қалап, дәстүрлі IQ тестілермен өлшенетін интеллект ұғымын қайта қарауға шақырды. Гарднердің зерттеулері нейропсихология, когнитивті ғылымдар, лингвистика және антропология салаларындағы деректерді синтездей отырып, адам интеллектісінің көп қырлы және өзгермелі табиғатын көрсетті.

Гарднердің көзқарасы бойынша, интеллект – бұл адамдардың әлемді түсіну, өңдеу және онымен әрекеттесу қабілеті. Дәстүрлі интеллект өлшемдерімен салыстырғанда, көптік зияты теориясы адамның әртүрлі қабілеттерін, яғни әр түрлі танымдық функцияларды біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Гарднердің теориясына сәйкес, интеллект сегіз негізгі түрге бөлінеді:

Лингвистік интеллект: тілді меңгеру, жазу, оқу және сөйлесу қабілеті. Бұл интеллекттің дамуы әдебиет, журналистика, құқық және басқа да сөздік негіздегі мамандықтарда маңызды рөл атқарады.

Логикалық-математикалық интеллект: логика, сандық амалдар, математикалық есептерді шешу қабілеті. Бұл түр аналитикалық ойлау, ғылыми зерттеулер мен инженерлік шешімдерде кеңінен қолданылады.

Көрнекі-сандық интеллект: визуалды ақпаратты өңдеу, кеңістіктік қарым-қатынасты түсіну қабілеті. Архитектура, өнер, дизайн салаларында ерекше мәнге ие.

Дене-кинестетикалық интеллект: дене қозғалысын басқару, моторика және физикалық әрекеттерді үйлестіру қабілеті. Спорт, би, театр және кейбір қолданбалы өнер түрлерінде маңызды.

Музыкалық интеллект: дыбыстар, ырғақтар, музыкалық құрылымдармен жұмыс істеу қабілеті. Музыка, композиторлық және орындау өнерінде айқын көрініс табады.

Интерперсоналдық интеллект: әлеуметтік қарым-қатынасты түсіну, басқалармен ынтымақтастық орнату қабілеті. Психология, педагогика және менеджмент салаларында жоғары бағаланады.

Интраперсоналдық интеллект: өзін-өзі тану, эмоцияларды басқару және жеке тұлғаның ішкі әлемімен жұмыс істеу қабілеті. Бұл қабілет жеке даму, психотерапия және өзін-өзі басқару әдістерінде маңызды.

Табиғат интеллекті: табиғат құбылыстарын түсіну және оларға бейімделу қабілеті. Бұл аспект экология, биология және табиғаттан үйрену процестерінде көрініс табады.

Кейінгі зерттеулер кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша, «қатынас интеллекті» немесе «эгзистенциалды интеллект» та ұсынылғанымен, Гарднердің негізгі сегіз түрі қазіргі күнге дейін ең көп таралған болып табылады.

Гарднердің теориясында интеллект түрлері бір-бірінен тәуелсіз, бірақ өзара байланысқан жүйе ретінде қарастырылады. Адам өмірінің әр кезеңінде әртүрлі интеллект түрлері әртүрлі дәрежеде дамып, кейбір салаларда басымдыққа ие болуы мүмкін. Бұл көзқарас жеке тұлғаның даму жолын, оның әлеуетін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Гарднердің теориясы нейропсихология саласындағы зерттеулерге негізделген. Мидың әртүрлі аймақтарының функционалдық ерекшеліктерін зерттеу барысында белгілі бір қабілеттердің зақымдануы немесе дамуы нақты интеллект түрлерінің бар-жоғын дәлелдеді. Мысалы, тілді өңдеу мен логикалық ойлауды басқару мидың әртүрлі аймақтарында жүзеге асады, бұл бір ғана біртұтас интеллекттің орнына көптік қабілеттердің болуын растайды.

Көптеген зерттеушілер Гарднердің теориясын эмпирикалық деректермен қолдады. Білім беру саласындағы эксперименталды зерттеулер, студенттердің оқу нәтижелерін салыстыру және әртүрлі оқыту әдістерінің әсерін бағалау барысында интеллекттің көп түрлілігін ескеру қажеттігі анықталды. Әсіресе, сыныптағы топтық жұмыстар, дифференциалды оқыту және студенттердің жеке қызығушылықтарын ескере отырып жасалған оқу бағдарламалары Гарднердің теориясын қолдайтын нақты дәлелдер ретінде қарастырылды.

Гарднердің теориясы білім беру әдістемелерін қайта қарауға ықпал етті. Оқытушылар әр оқушының жеке қабілеттерін анықтап, оларға сәйкес келетін оқу стратегияларын қолдануға тырысады. Мұндай интервенциялар оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың оқу жетістіктерін жоғарылатуға септігін тигізді. Педагогикалық тәжірибеде көптік зияты теориясының қолданылуы әртүрлі білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерінде көрініс тапты.

Гарднердің көптік зияты теориясы оқытушыларға әр оқушының даралығын ескере отырып оқыту әдістерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Әрбір оқушының мықты тұстарын анықтау арқылы педагогтер оқу материалын әртүрлі әдістермен жеткізе алады. Мысалы, лингвистік интеллекті жақсы дамыған оқушылар үшін сөздік ойындар мен дискуссиялар, ал дене-кинестетикалық қабілеті жоғары оқушылар үшін практикалық тапсырмалар тиімдірек болады.

Көптік зияты теориясын ескере отырып, заманауи сынып бөлмелерінде интерактивті технологияларды, топтық жобаларды және шығармашылық тапсырмаларды қолдану кеңінен таралды. Бұл әдістер білім алушылардың әртүрлі қабілеттерін біріктіріп, олардың танымдық дамуын жан-жақты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, педагогтер әртүрлі оқыту стратегияларын пайдалана отырып, білім алушылар арасындағы ынтымақтастық пен коммуникацияны жақсартады.

Дәстүрлі тестілеу әдістерінің шектеулерін ескере отырып, Гарднердің теориясы бағалау жүйелеріне де ықпал етті. Білім алушылардың білімін бағалау кезінде тек сандық нәтижелерге емес, олардың шығармашылық, әлеуметтік және практикалық қабілеттеріне де назар аударуға арналған кешенді бағалау әдістері енгізілуде. Бұл жүйе білім алушылардың толыққанды дамуына мүмкіндік береді және білім берудің сапасын арттырады.

Говард Гарднердің көптік зияты теориясы көптеген білім беру және психология саласындағы мамандар тарапынан қолдау тапқанымен, оның кейбір аспектілері сынға ұшырады. Бір топ зерттеушілер теорияның ғылыми негізінің жеткіліксіздігіне және эмпирикалық деректердің шектеулі екеніне назар аударады. Олар интеллект түрлерін өлшеу құралдарының дәлдігі мен объективтілігіне қатысты сұрақтар көтереді.

Психометрия саласында дәстүрлі IQ тестілерінің орнына қолданылатын құралдардың сенімділігі мен валидтілігі мәселесі өзекті болып табылады. Кейбір зерттеушілер Гарднердің теориясын нақты өлшемдерге негізделмеген және субъективті бағалау ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, әртүрлі интеллект түрлерінің өзара байланысы мен интеграциясы туралы сұрақтар әлі де өзекті мәселе болып отыр.

Білім беру саласында көптік зияты теориясын қолдану барысында туындайтын қиындықтар да бар. Оқытушылардың әртүрлі білім алушының дара қабілеттерін анықтап, оларға сәйкес келетін оқу бағдарламаларын әзірлеуі қосымша уақыт пен ресурстарды талап етеді. Сонымен қатар, кейбір сыныптарда және білім беру мекемелерінде бұл әдістемені толық енгізу мүмкіндігі шектеулі болуы ықтимал.

Говард Гарднердің көптік зияты теориясы адам интеллектісінің жан-жақты, көпқырлы табиғатын түсінуге ықпал етіп, білім беру жүйесінде жаңа педагогикалық тәсілдерді дамытуға себепші болды. Теория адамның әртүрлі қабілеттерін ескере отырып, оқу процесін жеке тұлғаның ерекшеліктеріне сәйкестендірудің маңыздылығын көрсетеді. Дегенмен, теорияның кейбір аспектілері ғылыми дәлелдемелердің жеткіліксіздігі мен өлшеу әдістерінің объективтілігіне қатысты сын-пікірлерге ұшырады.

Келешекте Гарднердің теориясын одан әрі нақтылауға бағытталған эмпирикалық зерттеулер, нейропсихологиялық және когнитивті әдістерді қолдана отырып, интеллекттің түрлі аспектілерін сандық және сапалық тұрғыда бағалау әдістерін жетілдіру қажет. Сонымен қатар, көптік зияты теориясының практикалық қосымшаларын одан әрі дамыту арқылы, оқыту процесінің тиімділігін арттыру, оқушылардың шығармашылық және танымдық әлеуетін толық ашу мақсатында заманауи технологиялар мен инновациялық әдістемелерді біріктіру маңызды.

Интеллекттің көп қырлы табиғаты мен оның өлшеу мәселелерін жан-жақты талқылайтын еңбектердің бірі.

Говард Гарднердің көптік зияты теориясы адамның танымдық қабілеттерінің әр түрлілігін және олардың дамуының кешенді сипатын көрсету арқылы білім беру және психология салаларында жаңа көзқарас қалыптастырды.

Бұл теория жеке тұлғаның әлеуетін жан-жақты бағалауға және оқыту әдістерін тиімді әрі дифференциалды құруға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулер теорияның ғылыми негіздерін нығайту мен практикалық қосымшаларын одан әрі дамытуға бағытталуы тиіс, осылайша білім беру жүйесінде әрбір білім алушының даралығын толық ашуға септігін тигізеді.

Жалпы Говард Гарднердің көптік зияты теориясының негізгі ұғымдары, эмпирикалық негіздемесі, педагогикалық қолданылуы және сын-пікірлері өте құнды.

Құзыреттілік – адамның белгілі бір салада білімді, білікті және тәжірибелі болуы, алған білімін нақты өмірде тиімді қолдана білуі. Яғни, бұл тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар оны тәжірибеде пайдалану қабілеті. Дағды – белгілі бір әрекетті немесе іс-қимылды тиімді және автоматты түрде орындау қабілеті. Дағды адамның қайталану арқылы жетілдіретін қабілеті болып табылады. Құзыреттілік пен дағды – білімнің тәжірибедегі көрінісі. Олар өмірде, кәсіби салада және қоғамда табысты болуға көмектеседі. Бүгінгі мектеп білім алушылары осы құзыреттіліктерді меңгерсе, болашақта бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Қазіргі қоғамның талаптарына сай болу үшін (жаһандану дәуірінде адамдар тек білімді ғана емес, оны тәжірибеде қолдана алатын тұлға болуы керек).

Кәсіби табысқа жету үшін (жұмыс берушілер тек дипломға ғана емес, нақты дағдыларға ерекше мән береді).

Өмірде өз орнын табу үшін (құзыреттілігі дамыған адам кез келген жағдайда тиімді шешім қабылдап, өз ісін сәтті жүргізе алады).

Абай ұлттық мектебінің түлектері игеріп шығатын құзыреттіліктер мен дағылар:

- 1) Көшбасшы болуға ұмтылу;
- 2) Тілдік коммуникация тетіктерін білу;
- 3) Топтық жұмыс және ынтымақтастық қағидаларын түсіну, қолдану;
- 4) Стратегиялық және сыни ойлау, талдау;
- 5) Эмоционалдық интеллект пен өз-өзін басқару.

1) *Көшбасшы болуға ұмтылу.* Абай мектебінің білім алушысы – өз ортасына бағыт-бағдар беретін, жана идеялар ұсынатын, өзгерістерге бастамашы тұлға. Ол көшбасшылықты тек билік ретінде емес, үлкен жауапкершілік деп түсінеді. Әр бастамасын терең оймен саралап, өзгелерге үлгі көрсетеді. Көшбасшы ретінде ол тыңдауды, қолдауды және бағыттауды біледі.

2) *Тілдік коммуникация тетіктерін білу.* Тіл – ойдың айнасы. Білім алушы қазақ, орыс және шет тілдерін меңгеріп, ойын нақты әрі әсерлі жеткізе алады. Ол тілдік қарым-қатынастың қыр-сырын түсініп, аудиториясына қарай дұрыс сөз саптайды. Дәлелді пікір айтып, ой алмасуда шеберлік танытады.

3) *Топтық жұмыс және ынтымақтастық қағидаларын түсіну, қолдану* – команданы басқару дағдылары дамиды, функционалдық тұрғыда қолданады. Бұл білім алушы әр адамның қабілетін бағалай біледі және командалық жұмыстың құндылығын түсінеді. Ол әртүрлі көзқарастарды біріктіріп, ортақ мүдде үшін

еңбек ете алады. Жай ғана топтың мүшесі емес, команданың үйлестірушісі болуға ұмтылады.

4) *Стратегиялық және сыни ойлау, талдау.* Әлем жылдам өзгеруде, сондықтан бұл оқушы ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны сараптап, стратегиялық шешімдер қабылдайды. Ол фактілерді талдап, жалған ақпаратты ажырата біледі, мәселелердің түпкі себептерін зерттеп, оңтайлы шешімдер ұсынады.

5) *Эмоционалдық интеллект пен өз-өзін басқару.* Нағыз көшбасшы тек ақылды ғана емес, сонымен қатар эмоциялық тұрақты тұлға. Бұл білім алушы өз сезімдерін басқара біледі, күйзеліс пен қиындықтарға сабырмен қарайды. Ол айналасындағы адамдардың көңіл-күйін түсініп, қолдау көрсете алады.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) Көшбасшылық дағдылары қалыптасады;
- 2) Коммуникациялық қабілеті қалыптасады;
- 3) Команданы басқару дағдылары дамиды, функционалдық тұрғыда қолданады;
- 4) Стратегиялық және сыни ойлау үрдісін меңгереді, талдау жасайды;
- 5) Эмоционалдық интеллектіні тиімді қолдануды біледі және өзін-өзі басқаруды меңгереді;

Абай ұлттық мектебінің түлегі – жан-жақты дамыған, өзін-өзі үздіксіз жетілдіретін тұлға. Ол көшбасшы болуды өз ортасын биікке жетелеу деп түсінеді. Оның тілі бай, сөздік қоры мол, ойы терең, шешімдері жүйелі. Қоғамда өз орнын тауып, ұлтқа қызмет ететін, әділетті, жаңашыл әрі мейірімді тұлға болып қалыптасады.



3-сурет. «Абай ұлттық мектебінде» оқитын білім алушының бейнесі

Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ болып табылатын базалық құндылықтар ретінде мыналар айқындалды:

- 1) *тәуелсіздік және патриотизм;*
- 2) *бірлік пен ынтымақтастық;*

- 3) әділдік пен жауапкершілік;
- 4) заң және тәртіп;
- 5) еңбекқорлық және кәсіпқойлық;
- 6) жасампаздық пен жаңашылдық.

Сонымен қатар БҰҰ ұсынған Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – бұл кедейлік пен мұқтаждықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күреске, сондай-ақ планетаны қорғауға, бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық мақсаттар. 2030 жылға дейін тұрақты дамудың барлық негізгі салаларын дамытуға және әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге ықпал ететін 17 негізгі бағыт анықталған. ТДМ-ды жүзеге асыру және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері мен Қазақстан Республикасы үкіметінің тұрақты бақылауында.

Бес негізгі (кілт сөздер) мақсаттары:

- 1) Адамзат: кедейлікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмірді қамтамасыз ету, білім беру
- 2) Дүниежүзі: құрлық және су экожүйелерін ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі
- 3) Өркениет: инклюзивті өсім және экономикалық өзгерістер
- 4) Бейбітшілік: қауіпсіз және бейбіт қоғам, мықты институттар, әділдік
- 5) Серіктестік: тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік, ресурстарды жұмылдыру, технологиялар, әлеуетті арттыру, сауда

Тұрақты дамудың 17 мақсаты:

1. Кедейлікті жою
2. Ашаршылықты тыю
3. Салауатты өмір салты мен тұрақтылық
4. Сапалы білім беру
5. Гендерлік теңдік
6. Таза су және санитария
7. Қолжетімді әрі таза энергия көздері
8. Экономикалық өсім және лайықты жұмыс
9. Индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым
10. Теңсіздіктен арылу
11. Тұрақты қалалар және елді мекендер
12. Жауапты тұтыну және өндіріс
13. Климаттың өзгеруімен күрес
14. Теңіздің экожүйесін сақтау
15. Құрлықтың экожүйесін сақтау
16. Бейбітшілік және тиімді институттар
17. Тұрақты даму үшін серіктестік

Абай ұлттық мектебінің «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары бойынша білім алушының бойында қалыптасатын құзыреттіліктер мен дағдылар, соған сәйкес күтілетін нәтижелер.

4-кесте. Құзыреттіліктер мен дағдылар

№	Бағыты	Құзыреттіліктер мен дағдылары	Күтілетін нәтижелер
1	Көшбасшылық	1) Көшбасшы болуға ұмтылу 2) Тілдік коммуникация тетіктерін білу 3) Топтық жұмыс және ынтымақтастық қағидаларын түсіну, қолдану 4) Стратегиялық және сыни ойлау, талдау 5) Эмоционалдық интеллект пен өз-өзін басқару	1) Көшбасшылық дағдылары қалыптасады 2) Коммуникациялық қабілеті қалыптасады 3) Команданы басқару дағдылары дамиды, функционалдық тұрғыда қолданады 4) Стратегиялық және сыни ойлау үрдісін меңгереді, талдау жасайды 5) Эмоционалдық интеллектіні тиімді қолдануды біледі және өзін-өзі басқаруды меңгереді
5	Ғылым	1) Ғылыми зерттеу жасау 2) Инновациялық идеяларды дамыту үшін бірнеше ғылым салаларын меңгеру. 3) Ғылыми жобаларды практикалық тұрғыда қолдану 4) STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) бағыттарын игеру 5) Деректерді жинау, талдау және оларды практикалық қолдануға бейімдеу	1) Ғылыми зерттеу қабілеттері қалыптасады 2) Инновациялық технологияларды меңгереді 3) Ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін заманауи құрал-жабдықтарды және бағдарламаларды пайдаланады 4) STEM бағыттарындағы жобаларды табысты орындайды 5) Кәсіби салаларда ғылыми тәсілдерді пайдалану арқылы жетістіктерге жетуге машықтанады
6	Шығармашылық	1) Шығармашылық қабілеттерді дамыту 2) Әлемдік және ұлттық өнердің үздік үлгілерімен танысу 3) Жеке шығармашылық жобаларды орындау және оларды іске асыру 4) Заманауи технологиялар мен құралдарды өнер саласында қолдану	1) Шығармашылық туралы терең білімі қалыптасады 2) Әлемдік және ұлттық өнер туындыларын саралап, олардың мазмұны мен құндылығын түсінеді 3) Жеке өнер туындыларын жасайды және оларды көпшілікке ұсына біледі 4) Өнер саласында заманауи технологияларды және цифрлық құралдарды пайдаланады 5) Қазақ халқының ұлттық өнерін сақтап, дәріптеуді үйренеді

		5) Қазақ халқының ұлттық өнерін және мәдени мұрасын зерттеу.	
--	--	--	--

Мектепшілік өзін-өзі басқару тетіктері жаңаша форматта болады. Ол төмендегідей механизм бойынша жүзеге асады.



4-сурет. Ғылыми жобалар бойынша мектепшілік басқару жүйесі

1. Көшбасшылар кеңесі: Мектепте көшбасшылар кеңесін құру арқылы білім алушылар арасында белсенділік пен жауапкершілікті дамыту. Кеңеске әр сыныптан көшбасшы білім алушыларды сайлап, маңызды шешімдерді талқылауға тарту.

2. Білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары:

Мектеп президенті мен оның орынбасарларын сайлау.

Салалық комитеттер: білім, тәртіп, спорт, мәдениет және қоғамдық жұмыстарды үйлестіретін комитеттер құру.

3. Жобалық басқару: Білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатында әлеуметтік және білім беру жобаларын ұйымдастыру. Бұл жобалар оқушылардың нақты мәселелерді шешу қабілеттерін арттырады.

4. Кеңес беру және менторлық: Мектептің тәжірибелі мұғалімдері мен жоғары сынып білім алушылары төменгі сынып оқушыларына тәлімгерлік жасау. Бұл оқушылар арасында ұрпақаралық ынтымақтастықты дамытады.

5. Шешім қабылдау процесіне қатысу: білім алушыларды мектепшілік ережелерді құрастыруға, оқу және тәрбие жоспарларын жетілдіруге, сондай-ақ мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді түрде тарту.

6. *Демократиялық пікір алмасу алаңдары:* Білім алушылар мен педагогтер арасындағы ашық диалогты қамтамасыз ету үшін пікірталас клубтары мен жиындар өткізу.

7. *Мектеп ішіндегі марапаттау жүйесі:* Өзін-өзі басқаруға белсене қатысқан оқушыларды ынталандыру мақсатында «Үздік көшбасшы», «Жыл белсендісі» сияқты атақтар мен марапаттар жүйесін енгізу.

8. *Қоғамдық мониторинг:* Мектеп ішінде оқушылардың тәртібі мен нәтижелілігін талдау үшін оқушылар кеңесінің қатысуымен мониторинг өткізу. Бұл өзара сенім мен жауапкершілікті арттырады.

9. *Ұлттық құндылықтарды насихаттау:* Өзін-өзі басқару жүйесі арқылы ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастыру (мысалы, Наурыз мейрамы, ұлттық ойындар жарысы).

«Білім алушыдан маманға дейінгі» аралықтағы жолдың үлгісі:

№	Бағыты	Абай ұлттық мектебі (10-11 сынып)	Ұлттық университеттердің оқу бағдарламалары	Маман
1	Көшбасшылық	Академиялық жазылым	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 1. Педагогика 2. Қазақ тіл білімі /Қазақ әдебиеті 3. Шетел филологиясы 4. Халықаралық қатынастар 5. Саясаттану 6. Конституциялық және азаматтық құқық 7. Халықаралық құқық	-Мемлекеттік қызметкер -Президент жанындағы түрлі ұйымдар маманы -Әкімшілік -Агенттік басшылығы -«Б», «А» корпусының маманы -Құқық қорғау қызметкері -Дипломат (елшілік) -Инженер -Киберқауіпсіздік маманы -Заңгер -Экономика сарапшысы -Дизайнер -Режиссер -Менеджер
		Елге қызмет (Мемлекеттік басқару және дипломатия)		
2	Ғылым	Дизайн ойлау	Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті 1. Информатика 2. Биотехнология 3. Автоматтандыру және басқару 4. Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері 5. Математикалық және компьютерлік модельдеу 6. Машина жасау 7. Инженерлік жүйелер	
		Кәсіпкерлік және стартаптар		
3	Шығармашылық	Драма/Өнеркүдірет	Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	

		PR мен маркетинг	1.Актерлік өнер 2.Эстрада өнері 3.Хореография 4.Графика 5.Режиссура 6.Өнертану 7.Дизайн	
--	--	------------------	---	--

«Абай ұлттық мектебінің» вариативті компоненттері білім алушылардың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды меңгеруіне және шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған. Бұл мектепте оқушылар Абай Құнанбайұлының шығармашылығын терең зерттеп, оның философиялық ойларын, әдеби мұрасын және ағартушылық қызметін талдайды. Түрлі курстар арқылы оқушылар ақынның қара сөздері мен өлеңдерін оқып, олардың қазіргі заманмен байланысын түсінеді.

Сонымен қатар, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке ерекше назар аударылады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық музыкасы мен қолөнері оқушыларға үйретіліп, олардың тарихи-мәдени санасы қалыптасады. Музыка мен өнерге бейімі бар оқушылар домбыра тарту, күй өнері, айтыс және шешендік өнер сабақтарына қатыса алады. Театр қойылымдары мен сахналық өнер арқылы олар қазақ әдебиеті мен драматургиясына жақындай түседі.

Шығармашылық қабілетті дамыту мақсатында оқушылар поэзия, проза жазып, көркем әдеби шығармалармен жұмыс істейді. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беріледі. Абай шығармашылығын зерттеп, оның еңбектерін талдау, эссе жазу, зерттеу жобаларымен айналысу оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін арттырады.

Көптілділікке басымдық беріліп, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде білім алу мүмкіндігі қарастырылады. Абай шығармаларын түрлі тілдерде оқу, аудару арқылы оқушылардың тілдік дағдылары дамып, олардың әлемдік мәдениетпен байланысы кеңейеді. Сонымен қатар, рухани-адамгершілік тәрбиеге ерекше мән беріледі. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы негізінде оқушылардың өзін-өзі дамытуына, адамгершілік қағидаларды бойларына сіңіруіне жағдай жасалады. Қоғамдық жұмыстар мен еріктілік қызметтеріне қатысу арқылы олар жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті үйренеді.

Осы бағыттардың барлығы «Абай ұлттық мектебінің» ерекше моделін қалыптастырып, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Бұл жүйе білім алушыларға тек академиялық білім беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіріп, олардың рухани және шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Төмендегі кестеде вариативті компоненттер ұсынылған.

5-кесте. Вариативті компоненттер

№	Бағыты	7-10 сынып	11-12 сынып
---	--------	------------	-------------

1	Көшбасшылық «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел»	Көркем мәтін поэтикасы («Тіл», «Әдебиет», «Психология»)	Академиялық жазылым («Тіл» мен «Мәтінтану»)
		Шешендік өнер («Тіл», «Әдебиет», «Тарих»)	Елге қызмет («География» пен «Құқық»)
2	Ғылым «Ғылым таппай мақтанба»	STEM («Физика», «Химия», «Биология»)	3D модельдеу және инженерия («Физика», «Химия», «Биология»)
		Жасанды интеллект («Математика» мен «Информатика»)	Кәсіпкерлік және стартаптар («Қаржы сауаттылығы» мен «математика»)
3	Шығармашылық «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ»	Ұлттық мұра («Музыка» мен «Дәстүрлі ән»)	Драма/Өнеркүдірет («Музыка» мен «Сахна тілі»)
		ART негіздері («Бейнелеу өнері» мен «Еңбек»)	PR мен маркетинг («Информатика» мен «Медиа сауаттылық»)

Егер әр бағытқа тереңірек үңілетін болсақ, тақырыптар мен бағыттардың дереккөзіне, түпкі мақсатына жолығамыз. Енді әрқайсысына жеке-жеке тоқталсақ.

«Көшбасшылық» бағытының бірінші тармағы бойынша Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтарынан *«Тәуелсіздік және патриотизм, заң және тәртіп»* бөлімдері, Абай шығармашылығынан *«Көп шуылдақ не табар, / Билемесе бір кемел»*, *«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»*, *«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, / Сонда толық боласың елден бөлек»* өлеңі, Алаш қайраткерлерінің канатты сөздерінен 1. *«Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады»* (Ғұмар Қараш), 2. *«Елге шыққан жастардың арасындағы естиярлары кейінгі інілеріне басышылық етіп, басалқы айтуға борышты»* (М.Дулатов), сонымен қатар БҰҰ ұсынған Тұрақты дамудың 17 мақсатынан «Кедейлікті жою, ашаршылықты тыю, салауатты өмір салты мен тұрақтылық» тақырыптары негізге алынды. Осылайша, кіріктірілген пәндер арқылы оқытылатын курстарға мынадай бағыттар (жанама түрде тақырыптар ретінде алуға болады) іріктелді:

7-10 сынып. «Көркем мәтін поэтикасы» курсы
(Кіріктірілген пәндер: «Тіл» мен «Әдебиет»)

1. «Ақыл, қайрат, жүрек» идеясы
2. Салауатты өмір салты мен тұрақтылық
3. Әдеби дискурс
4. Коммуникативтік стратегиялар
5. Мәтін құрылымы
6. Әдеби жанрлар және олардың эволюциясы

11-12 сынып. «Академиялық жазылым» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Тіл» мен «Мәтінтану»)

1. Көшбасшылық институттары
2. Ашаршылық пен кедейлікпен күрес
3. Цифрлық әдебиет және жаңа медиа дискурс
4. Құжат айналымы
5. Халық тұрмысын жақсарту – баршаға міндет
6. Кемелділікке ұмтылу жолдары

Көшбасшылық» бағытының екінші тармағы бойынша Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтарынан «Тәуелсіздік және патриотизм, заң және тәртіп» бөлімдері, Абай шығармашылығынан «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел», «*Пайда ойлама, ар ойла, «Единица болмаса, не болады өңкей нөл»* өлеңі, Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздерінен «*Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.* (Ө.Бөкейхан), «*Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын*» (Ө.Бөкейхан), БҰҰ ұсынған Тұрақты дамудың 17 мақсатынан «Теңсіздіктен арылу, гендерлік теңдік, сапалы білім беру» тақырыптары негізге алынды. Осылайша, мынадай бағыттар (жанама түрде тақырыптар ретінде алуға болады) іріктелді:

7-10 сынып. «Шешендік өнер» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Тіл», «Әдебиет», «Тарих»)

1. Ар-ұят және адамгершілік – тұлғаның рухани негізі
2. Көшбасшылық пен жауапкершілік: Ұлтқа қызмет етудің алғышарттары
3. Әділдік пен адалдық – қоғамдық дамудың басты қағидалары
4. Гендерлік теңдік және тең мүмкіндіктер: әділетті қоғам құру жолында
5. Ұлтжандылық және азаматтық борыш: Алаш қайраткерлерінің идеялары
6. Қоғамдық пайдалы іс жасау – әлеуметтік жауапкершіліктің көрінісі

11-12 сынып: «Мемлекеттік басқару» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «География» мен «Құқық»)

1. Мемлекеттік басқару және дипломатия
2. Білімдегі жасанды интеллект: Когнитивті ғылымдар және нейробілім
3. Эмоционалдық интеллект пен soft skills дамыту
4. Өзін-өзі дамыту және жеке тиімділік технологиялары
5. Сапалы білім және мінез: табысты тұлға қалыптастыру
6. Теңсіздіктен арылу: әділетті қоғам қалыптастырудың жолдары

«ҒЫЛЫМ» бағытының **бірінші** тармағы бойынша Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтардан «Еңбекқорлық және кәсіпқойлық», «жасампаздық пен жаңашылдық» бөлімдері, Абай

шығармашылығынан «Ғылым таппай мақтанба», «Егіннің **ебін** / Сауданың тегін, / Үйреніп, ойлап, мал ізде», «Иждиһатсыз, мехнатсыз, / Табылмас **ғылым** сарасы», «Әрбір ғалым - хәкім емес, әрбір **хәкім** – ғалым» (38 сөз) сынды өлең жолдары мен қарасөздері, Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздерінен «**Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек**», (Ә.Бөкейхан), «Мал, дәулет – **ғылыммен** табылады» (Отыншы Әлжан), БҰҰ ұсынған Тұрақты дамудың 17 мақсатынан «Таза су және санитария, қолжетімді әрі таза энергия көздері, тұрақты қалалар және елді мекендер» тақырыптары негізге алынды. Осылайша, мынадай бағыттар (жанама түрде тақырыптар ретінде алуға болады) іріктелді:

7-10 сынып. «STEM» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Физика», «Химия», «Биология»)

1. Қолжетімді және таза энергия
2. Су тазарту технологиялары
3. Қала экожүйесі және тұрақты дамудың биологиялық моделі
4. 3D модельдеу және инженерия: тұрақты қалалардың құрылымдық

ерекшеліктері

5. Жасыл технологиялар және қоршаған ортаны қорғау
6. Дамыған мемлекеттердің жаңа технологиялары

11-12 сынып. «3D модельдеу және инженерия» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Физика», «Химия», «Биология»)

1. Баламалы энергия көздері
2. Экология және климаттың өзгеруі
3. Су ресурстары және қалдықтарды басқару
4. Жерсеріктер мен ғарыштық аппараттар инженериясы
5. Навигациялық және геоаппараттық жүйелер
6. Ғарыш биологиясы және адамның ғарышта өмір сүруі

«**ҒЫЛЫМ**» бағытының **екінші** тармағы бойынша Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтарынан «Еңбекқорлық және кәсіпқойлық, жасампаздық пен жаңашылдық» бөлімдері, Абай шығармашылығынан «Ғылым таппай мақтанба», «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, **ғылым, ар, мінез** деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (18-қара сөз), «Адамның көңілі шын мейірленсе, **білім-ғылымның** өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» (32 сөз) деген сөздері, Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздерінен «Білімді болуға – оқу керек, бай болуға – **кәсіп** керек, күшті болуға – бірлік керек» (А.Байтұрсынұлы), «Рухани мәдениеттің бір белгісі – ғылым жолын тану, қол жеткені **ғылым** жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу». (Ә.Бөкейхан), сондай-ақ БҰҰ ұсынған Тұрақты дамудың 17 мақсатынан «Экономикалық өсім және лайықты жұмыс, индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым, жауапты тұтыну және өндіріс» тақырыптары негізге алынды. Соған сәйкес, төмендегі бағыттар (жанама түрде тақырыптар ретінде алуға болады) іріктелді:

7-10 сынып. «Жасанды интеллект» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Математика» мен «Информатика»)

- 1.Тұрақты қалалар және инфрақұрылым
- 2.Биоинженерия және болашақ ауыл шаруашылығы
- 3.Машиналық оқыту және деректерді талдау
- 4.Киберқауіпсіздік және ЖИ мүмкіндіктері
5. VR/AR технологиялары білім мен бизнесте
- 6.Ақылды қалалардың пайдасы

11-12 сынып: «Кәсіпкерлік және стартаптар» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Қаржы сауаттылығы» мен «математика»)

- 1.XXI ғасырдың архитектурасы мен урбанистикасы
- 2.Автономды көлік жүйелері
- 3.Ғимараттар мен инфрақұрылымның 3D-басып шығаруы
- 4.Киберқауіпсіздік және цифрлық егемендік
- 5.Әскери және қорғаныс технологиялары
- 6.Экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігі

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» бағытының **бірінші** тармағы бойынша Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтардан «Бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік» бөлімдері, Абай шығармашылығынан «*Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ*», «*Мал жұтайды, өнер жұтамайды*» (33-қара сөз), «*Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас, / Қардың суы секілді тез суалар*» сынды өлең жолдары мен қарасөздері, Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздерінен «*Адам шеберлігі араласып іс қылмаса, таудай алтын бір елі қазына*» (Ө.Бөкейхан), ал БҰҰ ұсынған Тұрақты дамудың 17 мақсатынан «Климаттың өзгеруімен күрес, теңіздің экожүйесін сақтау, құрлықтың экожүйесін сақтау» тақырыптары негізге алынды. Осылайша, мынадай бағыттар (жанама түрде тақырыптар ретінде алуға болады) іріктелді:

7-10 сынып: «Ұлттық мұра» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Музыка» мен «Дәстүрлі ән»)

- 1.Білім мен өнерді ұштастыру
2. «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ»: Өнер мен білімнің мәні
- 3.Ұлттық өнердің мәңгілігі
- 4.Қолөнер және кәсіпкерлік: Дәстүрден жаңашылдыққа
- 5.Еңбекпен келген дәулет – тұрақты игілік
- 6.Білім мен шеберлік: Адам дамуының негізгі қағидалары

11-12 сынып: «Драма» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Музыка» мен «Сахна тілі»)

- 1.Жаңа буын материалдары
- 2.Рухани құндылықтар және заманауи білім: үйлесімділік жолдары
3. Өзін-өзі дамыту: Ішкі және сыртқы мотивация
- 4.Тәуелсіздік және дербес ойлау жүйесі
5. Климаттың өзгеруімен күрес: Әрекет ету жолдары
- 6.Теңіз бен құрлықтың экожүйесін сақтау: Табиғат пен адам тепе-теңдігі

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» бағытының **екінші** тармағы бойынша Білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ базалық құндылықтар «Бірлік пен

ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік» бөлімдері, Абай шығармашылығынан «Егер де мал керек болса, **қолөнер** үйренбек керек» (13-қара сөз), Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздерінен «Ақыл да, **ұсталық** та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды» (Ө.Бөкейхан), сонымен қатар БҰҰ ұсынған Тұрақты дамудың 17 мақсатынан «Бейбітшілік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік» тақырыптары негізге алынды. Осылайша, мынадай бағыттар (жанама түрде тақырыптар ретінде алуға болады) іріктелді:

11-12 сынып: «ART негіздері» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Бейнелеу өнері» мен «Еңбек»)

- 1.Шығармашылық ойлау және жаңашылдық
- 2.Шығармашылық ойлау: Инновацияға бастар жол
- 3.Өнертапқыштық және жаңашылдық:
- 4.Ұлы идеялардың бастаулары
- 5.Еңбекқорлық – табыстың кілті
- 6.Жауапкершілік және тұрақтылық

11-12 сынып: «PR мен маркетинг» курсы

(Кіріктірілген пәндер: «Информатика» мен «Медиасауаттылық»)

1. Ұлттық және әлемдік өнер
- 2.Өнер мен кәсіп: Қазақ халқының дәстүрлі еңбек мәдениеті
- 3.Еңбек пен адал табыс
4. Табысты болашаққа қадам
- 5.Шеберліктің құдіреті: Кәсіби дағдыларды дамыту
- 6.Әділетті қоғам құру жолдары

«Абай ұлттық мектебінде» 7-12 сынып білім алушыларына арналған бейіндік курстар білім алушылардың академиялық, шығармашылық және технологиялық дағдыларын дамытуды көздейді. Бұл курстар білім алушылардың әдебиет, ғылым, инженерия, шешендік өнер, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару және ұлттық құндылықтар салаларында жан-жақты дамуына бағытталған.

7-10 сыныптар:

«Көркем мәтін поэтикасы» курсы әдеби шығармалардың көркемдік құрылымын талдауға, тілдік құралдардың мәнін түсінуге және білім алушылардың әдеби талдау дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

«Шешендік өнер» курсы сөз саптау мәдениетін, сөйлеу техникасын және аудиториямен жұмыс жасау дағдыларын дамытады. Бұл курс арқылы білім алушылар өз ойларын жүйелі жеткізіп, пікірталастар мен шешендік сөздерді еркін меңгереді.

«STEM» курсы ғылым, технология, инженерия және математика бағытында оқушылардың жобалық ойлау дағдыларын жетілдіруге арналған. Оқушылар түрлі техникалық және ғылыми жобалармен жұмыс істейді.

«Жасанды интеллект» курсы ақпараттық технологиялар саласында негізгі түсініктерді қалыптастырып, машиналық оқыту, деректерді өңдеу және алгоритмдермен таныстырады.

«Ұлттық мұра» курсы қазақ халқының мәдениеті, тарихы, әдебиеті мен өнерін зерттеп, ұлттық кодты сақтау мен дәріптеу бағытында жұмыс жасайды.

Курс Қазақстанның табиғи, мәдени, тарихи және рухани мұрасын зерттеуге арналған. Білім алушылар жобалық жұмыстар арқылы табиғи және мәдени мұранысандарын, дәстүрлі құндылықтарды, әдет-ғұрыптарды, халық ауыз әдебиетін, сәулет өнерін, музыка мен қолданбалы өнерді зерттейді. Ерекше назар ұлттық бірегейлікті сақтау мен насихаттауға, дәстүрлерді жаһандық контексте интеграциялауға және мұраны елдің стратегиялық ресурсы ретінде қарастыруға бөлінеді. Оқу форматы зерттеу жобаларын, экспедицияларды, архивтермен жұмысты және мәдени шараларға қатысуды қамтиды.

11-12 сыныптар:

«Академиялық жазылым» курсы ғылыми және аналитикалық мәтіндерді сауатты жазуға, зерттеу жүргізуге және мәліметтерді жүйелі түрде баяндауға үйретеді.

«Мемлекеттік басқару» курсы басқару жүйесінің құрылымы, саясаттану негіздері және мемлекеттік институттар жұмысының қағидаларын меңгертеді.

«3D модельдеу және инженерия» курсы техникалық сызба, компьютерлік графика және инженерлік жобалау негіздерін үйретеді, білім алушылардың технологиялық дағдыларын дамытады.

«Кәсіпкерлік және стартаптар» курсы бизнес-жоспар құру, инвестиция тарту, нарықты талдау және стартап жобаларын іске асыру жолдарын үйретеді.

«Драма» курсы сахна өнерін меңгеруге, актерлік шеберлікті дамытуға және әдеби шығармаларды сахналауға бағытталған.

Бұл курстар білім алушылардың аналитикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, технологиялық сауаттылығын арттырып, болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға көмектеседі. Курстар заманауи оқыту әдістерін қолдана отырып, теория мен практиканы үйлестіреді және оқушылардың өзіндік ізденісіне, шығармашылық және зерттеу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы оқушылардың информатика және математика пәндері бойынша білімдерін жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты ғылыми бағыт 7-12 сынып оқушыларына информатиканың негізгі ұғымдары мен алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл курс оқушылардың бағдарламалау және математикалық есептерді шешу дағдыларын жетілдіріп, оларды есептердің тиімді шешімдерін табуға және ақпараттық жүйелерді қолдануға үйретеді. Курс вариативті сағаттар негізінде жүргізіліп, математика мен информатикаға қызығушылық танытатын оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Курстың басты тақырыптарының бірі – «Қолданбалы есептерді математикалық әдістер және программалау тілдері арқылы шешу». Бұл тақырып арқылы оқушылар математикалық есептерді шешуде алгоритмдік тәсілдерді пайдалану, программалау тілдерін қолдану және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту әдістерін меңгереді. Сонымен қатар, оқушылар ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде және кәсіби қызметте қолдану жолдарын қарастырады.

Қазіргі таңда математикалық есептерді шешуде ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады. Математика мен информатиканы кіріктіре отырып, әртүрлі инженерлік, ғылыми және тұрмыстық есептерді тиімді шешуге болады. Бұл курста біз Python бағдарламалау тілін пайдалана отырып, математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін ұсынамыз.

Курстың мақсаты – қолданбалы есептердің математикалық моделін құру, математикалық есептерді шешуде алгоритмдік ойлауды дамыту, бағдарламалау тілін қолдана отырып, қолданбалы есептерді шығара білуге үйрету, математика мен информатика пәндері арасындағы байланысты көрсету.

Курстың міндеттері:

- қолданбалы есептердің математикалық моделін жасау;
- математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін құру.
- Python тілінде есептерді бағдарламалау.
- білім алушылардың логикалық ойлау және анализ жасау қабілеттерін арттыру;
- алынған нәтижелерді талдап, олардың қолдану аймағын анықтау;
- математика мен информатика пәндерінің өзара байланысын тереңдету.

Курсты оқудан күтілетін нәтижелер:

- математика мен информатиканың өзара байланысы туралы түсінік қалыптастырады;
- бағдарламалау негіздерін меңгереді және алгоритмдік ойлауды дамытады;
- Программалау тілдерінде есеп шығару әдістерін қолдана алады;
- Берілген тапсырмаларды тиімді шешу жолдарын анықтайды;
- Ақпараттық жүйелерді пайдалану және деректерді өңдеу әдістерін меңгереді;

Математикалық модельдеу әдістерін қолданады.

Курс мазмұнын меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар:

- Математикалық модельдеу қабілеттерін дамыту;
- Алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- Программалау тілдерінің негіздерін білу (Python);
- Деректер құрылымдары және оларды өңдеу тәсілдерін меңгеру;

Есептерді шешуде математикалық модель арқылы программалау жолдарын анықтау;

Нәтижелерді графикалық түрде көрсету және сараптау дағдыларын дамыту.

Оқытылатын курс бағдарламасы:

Бұл курс білім алушылардың информатика және математикаға деген қызығушылығын арттырып, олардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, оларды іс жүзінде қолдануға үйренеді, бұл болашақ кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

1. Квадраттық функцияға берілген есептер

Квадраттық функция көмегімен шығарылатын құрылыс және көпірлер салу жобасы тақырыбына берілген есептер.

Доптың ұшу және құлауы бойынша есептер

2. Тендеу құруға арналған тапсырмалар

Физикалық мазмұнды тапсырмалар

Зат концентрациясы және көлем үлесіне арналған тапсырмалар

3. Геометриялық есептер

Ауданды табуға есептер

Периметрді табуға есептер

4. Тізбектерге берілген есептер

Арифметикалық прогрессияның n -ші мүшесінің қосындысы

Геометриялық прогрессияның n -ші мүшесінің қосындысы

2. Абай ұлттық мектебіне арналған «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары бойынша оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Абай ұлттық мектебіне арналған «Көшбасшылық», «Ғылым» және «Шығармашылық» бағыттары пәндерінің мазмұнын кіріктіріп оқыту – білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды әдістемелік тәсіл. Бұл бағыттар Абайдың ағартушылық идеяларын негізге ала отырып, білім беру процесінде заманауи әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Көшбасшылық бағыты білім алушылардың басқарушылық қабілеттерін дамытуға, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталса, ғылыми бағыт зерттеушілік дағдыларды қалыптастырып, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарды терең меңгеруге көмектеседі. Шығармашылық бағыт арқылы білім алушылардың эстетикалық, көркемдік және инновациялық ойлау қабілеттері дамытылады.

Осы әдістемелік ұсынымдар білім беру процесінде аталған бағыттарды тиімді интеграциялауға және білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін арттыруға негізделген тапсырмалар жүйесін қамтиды.

№1

Кіріктірілген пәндер: қазақ тілі, қазақ әдебиеті

Сабақтың тақырыбы: Ар-ұят және адамгершілік – тұлғаның рухани негізі

Оқу мақсаттары:

Қазақ әдебиеті: 9.2.3.1 *шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру*

Қазақ тілі: 9.4.3.1 *стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу;*

Сабақтың мақсаты:

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдайды;
- автор стиліне баға береді;
- жазылым тапсырмасында стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Жоғары ойлау дағдылары

Пәнаралық байланыс: Шешендік өнер («Тіл», «Әдебиет», «Тарих»)

Ұйымдастыру: «Ассоциация» әдісі. Тапсырма: «Ар-ұят» сөзін ортаға жазып, онымен байланысты ұғымдарды айналасына орналастырыңыздар (мысалы: адалдық, әділдік, намыс, абырой, ұят, ынсап). «Ар-ұят» сөзін ортаға жазып, онымен байланысты ұғымдарды айналасына орналастырады. Padlet/Trello



Топтық жұмыс. Тапсырма. Абай Құнанбайұлының «Ұялма дегені көңіл үшін» өлеңі мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Талап пен ақыл» өлеңін оқып, төмендегі қарамдар бойынша тапсырмаларды орындаңыздар.

1-қадам: Абай Құнанбайұлының «Ұялма дегені көңіл үшін» өлеңі мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Талап пен ақыл» өлеңін түртіп оқу стратегиясы бойынша оқып, мәтіннен ар-ұят, ожданға қатысты тіркестердің астын сызып, антоним сөздерді табыңыздар.

Антонимдер	
1-мәтін	2-мәтін

2-қадам: Көркем мәтін поэтикасына (тақырыптық құрылым, әдеби тілді құбылту мен айшықтауларға) талдау жасаңыздар.

	1-мәтін	2-мәтін
Өлең тақырыбы:		
Идеясы:		
Құрылысы:		
Көркемдік құралдары:		

3-қадам: Мәтіндегі «Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға», «көрсен қызар», «бәрі екіұшты» сөз тіркестерінің мағынасын ашып, Абайдың сөз саптаудағы шеберлігін талдап, автор стиліне баға беріңіздер.

Жұптық жұмыс. Тапсырма. Абай Құнанбайұлы «Ұялма дегені көңіл үшін» өлеңі мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Талап пен ақыл» өлеңі негізінде "Ар-ұят" ұғымымен байланысты 5 негізгі тармақты анықтаңыз:

- 1) Жеке тұлғалық аспект (ар-ождан, ішкі төреші)
- 2) Әлеуметтік аспект (қоғамдық бедел, адалдық)
- 3) Діни-рухани аспект (құдайлық мақұлдау, ұждан)
- 4) Эмоционалды аспект (ұят, намыс, ішкі қиналыс)
- 5) Моральдық аспект (әділет, жауапкершілік)

Шығармаларды пайдаланып, «Ар-ұят» ұғымымен байланысты 5 негізгі тармақты анықтайды.

Дескриптор:

- жеке тұлғалық аспекттерді анықтайды;
- әлеуметтік аспекттерді анықтайды;
- діни аспекттерді жазады;
- эмоционалды аспекттерді анықтайды;
- моральдық аспекттерді табады;
- аспекттерге байланысты тілдік бірліктерді дұрыс анықтайды;

Бағалау. Дескрипторларға сүйеніп, «Коментарий» әдісі арқылы бағалау

Жеке жұмыс. Жазылым тапсырмасы. Өзіңізді заң шығарушы адам ретінде елестетіп, «Образға ену» әдісі бойынша шығармашылық жазба жұмысын орындаңыз.

Тапсырма. Өлең жолдарындағы тіркестерді пайдаланып, «Арлы адам қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап ретінде 7-8 сөйлеммен немесе өлеңмен "Ар кодексін" жазыңыздар. Стилдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолданыңыз.

Дескриптор:

- «Ар кодексін» жазады;
- креативтілік танытады;
- құрылымын, реттілігін сақтайды;
- стильдік ерекшелікке сай тілдік бірліктерді қолданады;

Бағалау. «3D көзілдірік» әдісі. Білім алушылар «арнайы 3D көзілдірік киіп отырмын» деп елестетіп, сыныптасының жұмысына үш қырынан баға береді:

1. Шынайылық (Real Mode) – Жұмыста қандай нақты ойлар әсерлі шыққан?
2. Эмоция (Feel Mode) – Жұмыс қандай сезімге бөледі?
3. Болашақ (Future Mode) – Жұмысты қалай жақсартуға болады?

Мысалы: *«Мен 3D көзілдірігімді киіп, сіздің «Ар кодексіңізді» үш қырынан қарадым! Real Mode – сіз кодексте маңызды моральдық қағидаларды анық көрсетіңіз. Feel Mode – мен бұл жұмысты оқығанда, шынымен адалдықтың қадірін сезіндім. Future Mode – сіз өлең мазмұнын тереңдетсеңіз, бұл нағыз поэтикалық шедевр болар еді!»*

Тапсырма. «Шешендік кейс» әдісі бойынша төменде берілген тапсырманы орындаңыздар.

Кейс сипаттамасы: Сіздерге қоғамда жиі кездесетін моральдық-этикалық мәселені шешу қажет. Берілген жағдаятты шешендік өнер арқылы талдап, белгілі бір шешімге келіңіздер

Жағдаят: Ауылдағы беделді қария өмірден өтеді. Оның артында көп жылдар бойы жинаған кітапхана қоры мен қолжазбалары қалады. Балалары бұл кітаптарды сатуды жөн көреді. Алайда ауыл ақсақалдары мен зиялы қауым өкілдері бұл кітаптардың халыққа қалуы керек екенін алға тартады.

Тапсырма:

– Білім алушылар екі топқа бөлінеді:

1. Ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдері – кітаптарды ауылдың мәдени орталығына өткізу керек деген пікірді жақтайды.
2. Өмірден өткен қарияның балалары – бұл олардың жеке мүлкі, сондықтан оны сатуға құқығы бар деген көзқарасты ұстанады.

Шарты:

- Әр топ өз ұстанымын шешендік өнер тәсілдері арқылы дәлелдеуі тиіс.
- Шешендік сөздерден (билердің, жыраулардың, Абайдың, Шәкәрімнің нақыл сөздерінен) дәлел келтіру.
- Қарсы жақтың аргументін жоққа шығару үшін орынды сұрақтар қою.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Логикалық дәлелдер мен шешендік сөздерді қолдану.
- ✓ Қарсы жаққа әсер ету қабілеті (риторикалық сұрақтар, метафора, теңеу, мақал-мәтелдер).
- ✓ Қысқа әрі нақты сөйлеу.
- ✓ Ар-ұят пен адамгершілік ұғымын шешендік өнер арқылы жеткізу.

Бекіту тапсырмасы. «Өлімнен ұят күшті» және «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» мақал-мәтелдердің мәні мен мағынасын

түсіндіріп айтыңыз. Білім алушылар берілген мақалдардың мағынасын ашып, өз ойларын түйіндейді. Сабақтан алған ақпараттарын қорытындылайды.

Кері байланыс. «Көрінбейтін ойлар терезесі» әдісі

Мақсаты: Білім алушылардың өз ішкі жан-дүниесін ар мен ұят аясында талдауын қамтамасыз ету.

1-қадам: «Ар терезесін» сызыңыз. Оны төрт бөлікке бөліңіз.

2-қадам: Төрт сұраққа жауап беріңіз.

1. Ар мен ұят менің өмірімде қандай рөл атқарады?

2. Қандай жағдайларда ар-ұят маңыздырақ?

3. Өз ар-ұятымды қалай қорғап жүрмін?

4. Бүгінгі заманның ар-ұяты қандай?

Білім алушылар төртбұрышты терезе сызып, оны төрт бөлікке бөледі. Әр бөлікке сұрақтың жауабын жазады.

№2

Кіріктірілген пәндер: Қазақ тілі, қазақ әдебиеті

Тақырып: Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі

Оқу мақсаттары:

Әдебиет:

7.1.3.1 – *Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін талдау.*

Тіл:

7.4.4.1 – *Жазба жұмыстарында тілдік нормаларды сақтай отырып, өз ойын көркемдеп жеткізу.*

Тапсырмалар:

Оқылым және талдау:

Кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттау үшін қолданылған көркемдік құралдарды (эпитет, теңеу, метафора) талдау.

Жазылым:

Шығарма үзіндісіне диалог қосу немесе кейіпкер атынан күнделік жазу.

Айтылым:

Білім алушылар «Адамзат табиғат заңына қарсы шыға ала ма?» тақырыбында пікірталас ұйымдастырады.

Синтаксистік талдау:

«Көксерек» шығармасынан алынған сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдау.

Бағалау:

Қалыптастырушы бағалау:

Білім алушылар бір-бірінің эссе және шығармашылық жұмыстарына кері байланыс береді.

Педагог білім алушылардың сөйлеу мәдениетін, пікір білдіру қабілетін бағалайды.

Жиынтық бағалау:

Әдеби талдау жұмыстарына қойылатын критерийлер бойынша бағалау жүргізіледі.

Пікірталасқа белсенді қатысу, өз ойын дәлелдермен жеткізу бағаланады.

Бағалау дескрипторы

Бағалау критеріі	Дескриптор	Балл
Оқылым және талдау	- Кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттайды. - Көркемдік құралдарды (эпитет, теңеу, метафора) тауып, олардың мағынасын түсіндіреді.	3
Жазылым (эссе, күнделік, диалог құру)	- Шығарма үзіндісіне сәйкес мазмұнды диалог немесе күнделік жазады. - Жазба жұмысында тілдік нормаларды сақтайды.	3
Айтылым (пікірталас, мәнерлеп оқу)	- «Адамзат табиғат заңына қарсы шыға ала ма?» пікірталасында өз ойын дәлелдермен жеткізеді. - Әңгімеден үзіндіні мәнерлеп оқиды және оның тілдік ерекшеліктерін түсіндіреді.	2
Синтаксистік талдау	- «Көксерек» шығармасынан алынған сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдайды.	2
Жалпы ұпай	Максималды 10 ұпай	10

Бағалау шкаласы:

9-10 балл – Өте жақсы (Тақырыпты терең түсінеді, талдау дағдылары қалыптасқан, өз ойын нақты және сауатты жеткізеді).

7-8 балл – Жақсы (Тақырыпты түсінеді, кейбір тұстарында талдауы толық емес немесе дәлелдері әлсіз).

5-6 балл – Қанағаттанарлық (Жалпы мазмұнын түсінеді, бірақ талдау жеткіліксіз, тілдік нормаларда қателер бар).

1-4 балл – Төмен (Шығарманы үстірт түсінген, негізгі ой толық ашылмаған, жазба және ауызша жұмыста көп қате бар).

№3

Кіріктірілген пәндер: Қазақ тілі, қазақ әдебиеті

Тақырып: Көркем мәтіннің прагматикалық анализі және мәтін семантикасы

Сабақтың түрі: Интеграцияланған (тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту)

Сабақтың әдістері: Талдау, салыстыру, пікірталас, шығармашылық жұмыс

Құндылықтар: тәуелсіздік және патриотизм; заң және тәртіп.

1. Оқу мақсаттары:

Әдебиет:

7-сынып – Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы автор идеясын түсіндіру.

8-сынып – Көркем шығарманың идеясына негізделе отырып, кейіпкер тіліне прагматикалық анализ жасау.

9-сынып – Шығармадағы көркемдік-эстетикалық құндылықтарды семантикалық тұрғыдан талдау

Қазақ тілі:

7-сынып – Көркем шығармадан прагматикалық мәні бар үзінділерді анықтау

8-сынып – Мәтін семантикасын зерттеу арқылы көркемдік ерекшеліктерін талдау

9-сынып – Автордың тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктерін анықтау

2. Сабақ мақсаттары:

– Көркем мәтіннің семантикасын және прагматикалық ерекшеліктерін талдау.

– Автордың сөз қолданысын зерттеу арқылы кейіпкер бейнесін ашу.

– Көркем мәтіннің негізгі идеясы мен эстетикалық құндылығын анықтау.

Тапсырма №1: «Құпия үзінді»

Білім алушыларға әртүрлі көркем шығармалардан алынған 3–4 үзінді беріледі. Олар үзіндідегі сөздерге назар аударып, оның қандай шығармаға тиесілі екенін болжап, шығарма тақырыбының семантикалық ерекшелігі туралы ой айтады.

Бағалау критерийі:

– Көркем мәтіннің мазмұнын болжап айтады

– Мәтіндегі сөздердің семантикалық мәнін түсіндіреді

Тапсырма 2: «Кейіпкер сөзіне прагматикалық анализ»

Әдеби шығарма кейіпкерінің монологы немесе диалогы беріледі (мысалы, Абайдың қара сөздері, Б.Майлиннің кейіпкерлері, І.Есенберлин шығармаларынан үзінді).

Білім алушылар келесі сұрақтарға жауап береді:

– Кейіпкердің сөзі қандай мақсатта айтылған?

– Бұл сөздің прагматикалық әсері қандай?

– Автор қандай тілдік құралдарды қолданған?

Бағалау критерийі:

– Кейіпкер сөзінің прагматикалық мәнін анықтайды

– Кейіпкер бейнесін ашудағы тілдік құралдарды талдайды

Тапсырма 3: «Мәтін семантикасын талдау»

Шығармадан үзінді беріледі, оқушылар мәтіннің негізгі мағынасын семантикалық және тілдік тұрғыдан талдайды.

– Автор қандай сөздерді ерекше мәнде қолданған?

– Мәтіннің астарлы мағынасы қандай?

– Мәтінді тілдік тұрғыдан талдаңыз.

Бағалау критерийі:

– Мәтіндегі семантикалық ерекшеліктерді анықтайды.

– Автордың сөз қолданысын түсіндіреді.

– Мәтінді тілдік тұрғыдан талдайды.

Көркем мәтін тілін талдауда осы жүйені басшылыққа алады:

Мәтінді талдау:

ФОРМАСЫ

Сөйлеу формасы:

- **Жазбаша** — әдеби норманы қатаң сақтап жазу түрінде сипатталады.
- **Ауызша** — дыбысталып, әдеби норманың еркін түрімен сипатталады.

Мәтін типтері/ Формалары:

- Суреттеу, баяндау, талқылау, сендіру, аргумент келтіру
- Монолог, диалог, полилог

Мәтінді талдау:

ЖАНРЫ

- Мақала, репортаж, очерк, рецензия, интервью, комментарий
- Әңгіме, повесть, роман, өлең, драма, ертегі, трагедия, комедия
- Лекция, монография, оқулық
- Ғылыми журнал, диссертация
- Бұйрық, арыз, қызметтік хат
- Хат, имейл, блог-пост, үндеу мәтіні
- Өмірбаян, күнделік, жол жазбалары
- Жарнама, хабарландыру, нұсқаулық
- Дау тудыру, әңгімелесу, хабарлама, баяндама, мінберсөз
- Сәлемдесу, үндеу тастау, сұхбат

Мәтінді талдау:

МАҚСАТЫ

Бұл мәтін **НЕҮШІН** жазылған немесе айтылған (құрылған)?

Мәтіннің **қызметі** қандай?

- Ақпарат беру
- Қызықтыру
- Сендіру
- Дауласу
- Талқыға салу
- Суреттеу
- Ақыл-кеңес беру
- Нұсқау беру
- Сын пікір беру, баға беру
- Тәрбиелеу
- Хабарлау

Мәтінді талдау:

КӨЗДЕЛГЕН АУДИТОРИЯ

Бұл мәтін **КІМГЕ** арналып жазылған немесе айтылған (құрылған)?

- Түрлі жастардағы топтарға, яғни, өте кішкене балаларға немесе зейнеткерлерге
- Арнайы топтарға: мысалы, тарих немесе футболға қызығушы адамдарға
- Кәсіби мамандарға: мұғалімдерге немесе дәрігерлерге
- Әр түрлі әлеуметтік топтарға: жұмыссыздарға, еріктілерге, жас қызметкерлерге
- Жалпы аудиторияға: кең шеңберлі оқырмандары бар танымал газеттерге

Мәтінді талдау:

МАЗМҰНЫ

- Мәтінде не туралы айтылады?
- Тақырыппен және КОНТЕКСПЕН байланысы

КОНТЕКСТ

- Тарихи
- Әлеуметтік (мектеп/отбасы/бизнес/жұмыс)

Мәтінді талдау:

СТИЛЬ

«Белгілі бір қарым-қатынас мақсатында қолданылған тілдің көркемдегіш құралдар жүйесі»

- Ауызекі сөйлеу
- Шешендік
- Публицистикалық
- Көркем әдебиет
- Ғылыми
- Ресми-іскери

- Жасанды
- Әдептен тыс
- Қарапайым
- Кітаби
- Салтанатты
- Юморлы
- Сатиралы

ТІЛ

СӨЗ ДЕҢГЕЙІ

Лексика:

- Жас ерекшелігі
- Эмоционалды
- Жаргон сөздер
- Ауызекі қарым-қатынас сөздері
- Кәсіби тіркестер, мысалы, ғылыми, мектеп, «бөбек жырлары»
- қысқартулар

Тілдік тәсілдер:

- Кейіптеу
- Қайталау
- Дыбыс қайталау
- Тенеу
- Метафора
- Ирония
- Парадокс
- Гипербола
- Аллитерация
- Ассонанс

- Дауыс ырғағы
- Жіктеу есімдіктері
- Бұйыру мәнді сөздер
- Күшейтпелі шырайлар
- Үш сөзді қайталау


ТІЛ

СӨЙЛЕМ ДЕҢГЕЙІ

- Жай / құрмалас
- Қысқа / ұзын
- Толымсыз

- Сұраулы / риторикалық сұрақтар
- Лепті
- Болымсыз

- Өздік / ырықсыз етістер
- Жақсыз құрылымды сөйлемдер
- Синтаксистік параллелизмді сөйлемдер



№4

Кіріктірілген пәндер: Тіл, Мәтінтану

Сынып: 10-11

Тақырып: Цифрлық әдебиет және жаңа медиадискурс

1. Оқу мақсаттары:

Тіл:10.1.4.1 – Цифрлық кеңістіктегі мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін талдау.

11.1.5.1 – Академиялық стильде медиадискурсқа талдау жасау.

Мәтінтану:

10.2.3.1 – Цифрлық әдебиет үлгілерін құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан зерттеу.

11.2.4.1 – Жаңа медиадискурстың прагматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау.

2. Сабақ мақсаттары:

Цифрлық әдебиет пен дәстүрлі әдебиет арасындағы айырмашылықтарды түсіну.

Жаңа медиадискурстың тілдік және құрылымдық ерекшеліктерін талдау.

Медиа кеңістіктегі мәтіндерге академиялық талдау жасау.

Тапсырма 1: «Қай мәтін?»

Білім алушыларға екі үзінді беріледі:

1.Дәстүрлі әдеби шығарма (мысалы, М.Әуезов, Ш.Айтматов шығармаларынан);

2.Цифрлық әдебиеттен алынған фрагмент (мысалы, блог жазбасы, фанфик, гипертекст).

– Қайсысы цифрлық әдебиетке, қайсысы дәстүрлі әдебиетке жатады?

– Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтарды анықтау.

Бағалау критерийі:

– Цифрлық әдебиет пен дәстүрлі әдебиетті ажыратады

– Негізгі ерекшеліктерін атап көрсетеді

Тапсырма 2: «Цифрлық әдебиет және гипертекст құрылымы»

Оқушылар шағын топтарға бөлінеді. Әр топқа цифрлық әдебиеттің бір үлгісі беріледі (мысалы, блог жазбасы, онлайн әңгіме, электронды поэзия).

•Мәтіннің құрылымын талдау (гиперсілтемелер, мультимедиялық элементтер, интерактивтілік).

- Дәстүрлі мәтінмен салыстырып, айырмашылықтарын табу.

Бағалау критерийі:

- Цифрлық мәтін құрылымының ерекшеліктерін анықтайды.
- Гипертекст және мультимедиа элементтерін сипаттайды.

Тапсырма №3: «Жаңа медиадискурс ерекшеліктері»

Оқушыларға әртүрлі медиамәтіндер беріледі:

1. Жаңалық мақаласы (интернет-ресурстан алынған)
2. Видеоблогтағы пікір (YouTube немесе TikTok платформасынан)
3. Әлеуметтік желідегі пост (Instagram, Twitter, Facebook)

Міндет:

- Мәтіндердің тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін талдау.
- Қай дискурс қандай аудиторияға арналғанын анықтау.
- Прагматикалық ерекшеліктерін көрсету (мысалы, эмоционалды реңк, манипуляция, субъективтілік).

Бағалау критерийі:

Әр медиадискурстың ерекшеліктерін талдайды.

Аудитория мен мақсатты дұрыс анықтайды.

Тапсырма. 4 «Медиа эволюциясы» тапсырмасы. Топтық жұмыс.

(Зерттеу және шығармашылық жұмыс)

Шарты: Оқушылар 20 жыл бұрынғы медиатіл (газеттер, ТВ жаңалықтар) мен қазіргі медианың (TikTok, Instagram, блогтар) стилін салыстырады. Негізгі өзгерістерді анықтайды (прагматика, стиль, эмоция, көрнекілік). Салыстыру кестесін жасайды.

«Медиа эволюциясы»	
20 жыл бұрын	Қазір
Газеттер	
ТВ жаңалықтары	
TikTok, Instagram, блогтар	

Тапсырма 5: «Академиялық рефлексия». Жеке жұмыс

Білім алушылар академиялық стильде 7-8 сөйлемнен тұратын шағын жазба жазады:

- Цифрлық әдебиет пен медиадискурстың маңызы қандай?
- Оның дәстүрлі мәтіннен айырмашылығы неде?
- Академиялық тұрғыдан медиамәтіндерді зерттеудің қажеттілігі қандай?

Бағалау критерийі:

- жазба академиялық стильде құрылымдалған.
- медиадискурс пен цифрлық әдебиетке нақты баға беріледі.

Практикалық тапсырма: Таңдаған медиадискурс үлгісін (блог, жаңалық, әлеуметтік желідегі пост) академиялық стильде талдап, кемінде 150-200 сөзден тұратын аналитикалық жазба жазу.

№5

Кіріктірілген пәндер: Қазақ тілі мен Ағылшын тілі

Тақырыбы: Қазақ тіліндегі етістіктің осы шақ категориясын ағылшын тілімен салыстыра оқыту

Оқу мақсаттары:

Қазақ тілі: 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану

Ағылшын тілі: 7. 6. 9. 1 use simple present tense and simple past tense, regular and non-regular forms to describe procedures, habits and situations in everyday life related to limited familiar general and academic topics;

Сабақтың мақсаты:

Сабақ мақсаты: тілдесім барысында шақ категориясын (осы шақ түрлерін) қолданады

Тапсырма:

а) «Менің күнім» – «My Day» әдісі.

ә) «Жанды грамматика» (Live Grammar) әдісі

б) «Тапсырманы тап!» (Find the Tense!)

Қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы

Шақ – етістіктің негізгі категорияларының бірі. Шақ қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып болғанын білдіреді. Іс-әрекеттің мезгілге, уақытқа байланысын көрсететін етістікке тән категория шақ деп аталады. Шақтың үш түрі бар: 1) осы шақ, 2) өткен шақ, 3) келер шақ.

Осы шақ істің сөйлеп тұрған уақытта болып жатқанын көрсетеді. Мағынасына қарай осы шақ екі түрге бөлінеді: нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ.

Нақ осы шақ іс-әрекеттің сөйлеуші сөзімен бір мезгілде орындалып жатқанын көрсетеді. Нақ осы шақ көбінесе *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктері арқылы жасалады. Мысалы, *оқып отыр, күліп тұр, ойнап жүр, ұйықтап жатыр*.

Ауыспалы осы шақ істің, қимылдың дағдылы түрде болып тұруын көрсетеді. Ауыспалы осы шақ түбірге көсемшенің -а, -е, -й жұрнақтары мен жіктік жалғауының жалғануынан жасалады. Мысалы, *жаңбыр жау-а-ды, күн күркіре-й-ді, мен айт-а-мын, сен кел-е-сің, мен келіспе-й-мін, орында-й-мын, тапсыр-а-мын*, т.б.

Қазақ тіліндегі нақ осы шақ пен ауыспалы осы шақ және ағылшын тіліндегі осы шақ түрлерінің салыстырмасы

Қазақша	Ағылшынша	Түсіндірме	Мысал (Қазақша)	Мысал (Ағылшынша)
Нақ осы шақ	Present Continuous	Қазір болып жатқан іс-әрекетті білдіреді. -ып/-іп/-п отыр, -ып/-	Мен қазір кітап оқып отырмын.	I am reading a book now.

		іп/-п тұр, -ып/-іп/-п жатыр, -ып/-іп/-п жүр қосымшалары арқылы жасалады.	Ол қазір доп теуіп жүр.	He is playing football now.
			Біз сабақ тыңдап отырмыз.	We are listening to the lesson.
Ауыспалы осы шақ	Present Simple	Жалпы, күнделікті қайталанып тұратын әрекеттерді білдіреді. -ады/-еді, -йды/-йді, -мақ/-мек жалғаулары арқылы жасалады.	Мен күнде кітап оқимын.	I read books every day.
			Ол әр таң сайын жаттығу жасайды.	He exercises every morning.
			Біз сабақтан кейін футбол ойнаймыз.	We play football after school.

«Менің күнім – My Day» әдісі.

№1 Тапсырма: Білім алушылар өздерінің күнделікті іс-әрекеттерін нақ осы шақта (Present Continuous) және ауыспалы осы шақта (Present Simple) жазып, қазақша және ағылшынша сөйлемдер құрайды. Кейін олар сөйлемдерді сыныптастарымен бөлісіп, қайсысы нақ осы шаққа, қайсысы ауыспалы осы шаққа жататынын анықтайды. Ақпаратты көрнекі ету үшін оқушылар өз күн тәртібін сурет немесе комикс түрінде салып, сөйлемдерімен сәйкестендіреді.

Мысалы: Қазақша: Мен қазір кітап оқып отырмын. (*Нақ осы шақ*) Мен күнде кітап оқимын. (*Ауыспалы осы шақ*)

Ағылшынша: I am reading a book now. (*Present Continuous – Нақ осы шақ*) I read books every day. (*Present Simple – Ауыспалы осы шақ*)

«Менің күнім» (My Day) – Инфографика немесе комикс жасау тапсырмасы

Білім алушылар күн тәртібін кестеге түсіріп, нақ осы шақтағы әрекеттерін Present Continuous, ал күнделікті әрекеттерін Present Simple арқылы жазады.

Бұл тапсырманы сурет, коллаж немесе комикс түрінде жасауға болады.

Мысал:

⌚ Уақыт	Нақ осы шақ (Present Continuous)	Ауыспалы осы шақ (Present Simple)
08:00	Мен қазір таңғы ас ішіп отырмын. (<i>I am having breakfast now.</i>)	Мен күн сайын таңғы ас ішемін. (<i>I have breakfast every day.</i>)
10:00	Мен дәл қазір сабақ оқып отырмын. (<i>I am studying now.</i>)	Мен күнде сабақ оқимын. (<i>I study every day.</i>)
15:00	Біз дәл қазір футбол ойнап жатырмыз. (<i>We are playing football now.</i>)	Біз әр жұма сайын футбол ойнаймыз. (<i>We play football every Friday.</i>)
20:00	Ол қазір теледидар қарап отыр. (<i>He is watching TV now.</i>)	Ол кешке теледидар қарайды. (<i>He watches TV in the evening.</i>)

№2 Тапсырма: «Жанды грамматика» (Live Grammar) әдісі

1. Педагогтер екі топқа бөліп, бір топқа «нақ осы шақ» (Present Continuous), екінші топқа «ауыспалы осы шақ» (Present Simple) сөйлемдерін жасау міндетін береді.

2. Әр топ өздерінің шақтарына сәйкес қимылдарды көрсетеді (пантомима түрінде).

3. Қалған оқушылар олардың іс-әрекетін қазақша және ағылшынша сипаттайды.

Мысал: Бір оқушы тақтаға шығып, шай ішіп тұрғандай қимыл жасайды.

Сыныптағы оқушылар оны сипаттайды:

Қазақша: «Ол қазір шай ішіп отыр» (*Нақ осы шақ*)

Ағылшынша: «He is drinking tea now» (*Present Continuous*)

Мақсаты:

- Грамматиканы қимыл арқылы түсіндіру.
- Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту.
- Шақтарды есте сақтауға көмектесу.

№3 Тапсырма: «Тапсырманы тап!» (Find the Tense!) Мақсаты: Оқушыларға сөйлемдерді беріп, олар қай шақта тұрғанын табуы керек.

1. Педагог сөйлемдерді береді:

- Мен дәл қазір досыммен сөйлесіп тұрмын.
- Ол әр сенбі сайын бассейнге барады.
- Біз қазір мектепте сабақ оқып отырмыз.
- Олар жазда теңізге барады.

2. Оқушылар сөйлемнің қай шақта тұрғанын және ағылшын тілінде қандай шаққа сәйкес келетінін анықтайды.

Дұрыс жауаптар:

(*Нақ осы шақ – Present Continuous*) → «Мен дәл қазір досыммен сөйлесіп тұрмын» (I am talking to my friend right now.)

(*Ауыспалы осы шақ – Present Simple*) → «Ол әр сенбі сайын бассейнге барады» (He goes to the swimming pool every Saturday.)

(*Нақ осы шақ – Present Continuous*) → «Біз қазір мектепте сабақ оқып отырмыз» (We are studying at school now.)

(*Ауыспалы осы шақ – Present Simple*) → «Олар жазда теңізге барады» (They go to the sea in summer.)

Ағылшын тіліндегі осы шақ категориясынан бірнеше тапсырмалар топтамасын қарастырайық.

Learners read the given sentences on the board and guess the topic and share with their ideas.

Lead – In

I go to school every day.

She goes to school every day.

I don't go to school every day.

She doesn't go to school every day.

Do you go to school every day?

Does she go to school every day?

Focus students on the vocabulary in the box and check for understanding.

Ask them to work individually. They should write five sentences about different people in the class using the verb forms in the box. Refer them to the example as a model.

When they have finished, ask students to find the people they have written about. They should read their sentences to the relevant students, who will then tell them *Yes, that's true* or *No, that isn't true*. Circulate, listening to make sure students are using the verbs correctly.

Put in the verbs in brackets into the gaps. Use the Simple Present or the Simple Past.

Hide example

EXAMPLE:

Tim sometimes basketball. *(to play)*

ANSWER:

Time sometimes plays basketball.

Ben and Jamy... to the park in the afternoon. *(to go)*

The shop ... at 8 pm. *(to close)*

I ... breakfast every day. *(to make)*

The girls ... in London. *(to live)*

Lily ... her friends on Fridays. *(to meet)*

Luke ... a nice dog. *(to have)*

They ... ice cream. *(to like)*

Luca often ... funny messages. *(to send)*

We always ... to the radio in the morning. *(to listen)*

My friend ... this song. *(to love)*

Answers:

1. Ben and Jamy **go** to the park in the afternoon.
2. The shop **closes** at 8 pm.
3. I **make** breakfast every day.
4. The girls **live** in London.
5. Lily **meets** her friends on Fridays.
6. Luke **has** a nice dog.
7. They **like** ice cream.
8. Luca often **sends** funny messages.
9. We always **listen** to the radio in the morning.
10. My friend **loves** this song.

Дескриптор:

- Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі шақтардың сәйкестігін ажырата алады. (грамматикалық құрылымын).
- Сөйлемді дұрыс құрай алады.

№6

Кіріктірілген пәндер: Қазақ тілі, Ағылшын тілі

Тақырыбы: Шартты рай

Оқыту мақсаттары:

Қазақ тілі: 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану

Ағылшын тілі: 7.6.17.1 use if / unless in first conditional clauses, use defining relative clauses with which who that where on a wide range of familiar general and curricular topics

Сабақтың мақсаты:

тілдесім барысында шақ категориясын (шартты райды) қолданады;

Құндылығы:

1. Тәуелсіздік және отаншылдық

– Оқуға, өз халқының рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде ана тіліне деген қызығушылық таныту;

– Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын бағалау.

1 .Independence and patriotism

– Interest in reading, the native language as part of spiritual culture of their people.

– Willingness to fulfill citizen's duties Kazakhstan, to protect the interests and values of their country

Тапсырма:

1) Топтық жұмыс. «Егер мен...» драма-ойыны

2) «Шартты рай кубигі» әдісі (Conditional Dice Method)

3) Екі әлем – бір ереже (Two Worlds – One Rule)

4) «Кім дұрыс аяқтайды?» әдісі.

5) «Кейс-сценарий» әдісі. «Тіл үйренуге саяхат»

Шартты рай іс-әрекеттің орындалу не орындалмау шартын білдіреді. Шартты рай етістіктің түбіріне -са, -се жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *Көп оқысаң, көп білесің. Кешікпей келсең, көрер едің.*

Қазақ тіліндегі шартты рай мен оның ағылшын тіліндегі баламасы

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
шартты рай қимылдың орындалу-орындалмауы белгілі бір шартқа байланысты болатынын білдіреді. Ол -са, -се жұрнақтары арқылы жасалады.	шартты мағына Conditional Sentences (шартты сөйлемдер) арқылы беріледі. Олар қазақ тіліндегі шартты райға ұқсас, бірақ грамматикалық құрылымы күрделірек.
Ұқсастығы	
➤ Екі тілде де шартты әрекетті білдіреді. ➤ Екі тілде де "егер" (if) шылауы жиі қолданылады. ➤ Болымсыз түрі қазақ тілінде – "егер ... болмаса", ағылшын тілінде – "if ... not" немесе "unless"	
Айырмашылығы	
➤ Қазақ тілінде шартты рай -са, -се жұрнақтары арқылы жасалады. ➤ Ағылшын тілінде шартты сөйлемдер бірнеше түрге бөлінеді (Zero, First, Second, Third Conditional). ➤ Ағылшын тілінде шартты рай арнайы грамматикалық шақтарды талап етеді, ал қазақ тілінде шартты рай етістікке тікелей жалғанады.	

№1 Тапсырма. Топтық жұмыс. «Егер мен...» драма-ойыны (If I were... role-play) Қазақ, ағылшын тілінде жауап береді.

Мақсаты: Оқушылардың шартты райды қолдану дағдыларын дамыту, шығармашылық ойлауға баулу.

1.Оқушыларға белгілі бір жағдай беріледі (мысалы, «Егер мен президент болсам...», «Егер мен ғалым болсам...», «Егер мен сиқыршы болсам...»).

2.Олар шартты райды қолданып, өз ойларын білдіреді.

3.Топтық талқылау ұйымдастырылады.

№2 Тапсырма. «Шартты рай кубигі» әдісі (Conditional Dice Method)

Мақсаты: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі шартты райдың қолданылуын салыстыра отырып, оқушылардың сөйлеу дағдысын жақсарту.

Тапсырмасы: Тақтада 6 түрлі жағдай жазылған (мысалы, «Егер жаңбыр жауса...», «Егер менің қанатым болса...»).

Оқушылар кезекпен кубик лақтырады, қай нөмір түссе, сол жағдай бойынша сөйлем құрайды.

Тапсырманы ағылшын тілінде де қолдануға болады: «If I had wings, I would fly around the world».

Қазақ тіліндегі шартты рай мен ағылшын тіліндегі шартты сөйлемдерді салыстыру

Қазақша (Шартты рай)	Ағылшынша (Conditional Sentences)
Егер сен сабақ оқысаң, жақсы баға аласың.	If you study, you will get a good grade. (<i>First Conditional</i>)
Егер ол келсе, біз онымен сөйлесеміз.	If he comes, we will talk to him. (<i>First Conditional</i>)
Егер менде ақша көп болса, мен саяхаттар едім.	If I had a lot of money, I would travel. (<i>Second Conditional</i>)
Егер ол көмектессе, біз жұмысты тез аяқтайтын едік.	If he helped, we would finish the work quickly. (<i>Second Conditional</i>)
Егер сен кешікпегенде, біз пойызға үлгерер едік.	If you hadn't been late, we would have caught the train. (<i>Third Conditional</i>)

№3 Тапсырма. «Екі әлем – бір ереже» (Two Worlds – One Rule)

Тапсырма: Оқушыларға бір жағдай беріледі (мысалы, «Егер мен сиқыршы болсам...»).

- Олар осы сөйлемді қазақша шартты райда және ағылшын тілінде шартты сөйлем ретінде жазып, өз ойларын дамытады.
- Әр оқушы өз идеясын сынып алдында оқып, шығармашылық түрде қорғайды.
- Оқушылар бір-бірінің сөйлемдерін тексеріп, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдайды.

Мысалы:

Қазақша: «Егер мен сиқыршы болсам, адамдарға көмектесер едім».
Ағылшынша: «If I were a magician, I would help people».

Мақсаты:

- Қазақ және ағылшын тілдеріндегі шартты рай мен шартты сөйлемдерді салыстыру.

- Шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту.
- Тілді қолдану қабілетін жетілдіру.

Тапсырма. «Шартты рай дөңгелегі» (Conditional Wheel) әдісі

Қалай қолданылады? Педагог дөңгелек сызады (немесе интерактивті құрал қолданады) және оны үш бөлікке бөледі:

Zero & First Conditional (Қазіргі және болашаққа қатысты шарттар)

Second Conditional (Орындалуы екіталай шарттар)

Third Conditional (Өткенге байланысты мүмкін емес шарттар)

Білім алушылар дөңгелекті айналдырады да, түскен категория бойынша сөйлем құрастырады.

Олар сөйлемдерін қазақша және ағылшынша жазады, сыныптастарымен бөліседі.

Мысалы:

Дөңгелек «Second Conditional» бөлімінде тоқтады.

Қазақша: «Егер менде суперқабілет болса, мен уақытқа саяхат жасар едім»

Ағылшынша: «If I had a superpower, I would travel through time»

Мақсаты:

- Оқушылардың грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануын қамтамасыз ету.

- Екі тілді салыстыра отырып, айырмашылықтарды түсінуге көмектесу.

- Ойын арқылы оқу процесін қызықты ету.

№ 4 Тапсырма. «Кім дұрыс аяқтайды?» әдісі.

Тапсырмасы: Педагог бастапқы сөйлем береді, балалар оны шартты раймен аяқтайды.

Әр баланың жеке өз ойы

Мысалы:

1. Егер мен ертегідегі кейіпкер болсам, ... (арманыма жетер едім)

2. Егер мен өзенге түссем, ... (балықша жүзер ем)

3. Егер мен сиқырлы таяқша алсам, ... (қалағынымды жасар едім)

№5 Тапсырма «Кейс-сценарий» әдісі. «Тіл үйренуге саяхат»

Сюжет: Мақсат – дүниежүзін саяхаттап, түрлі елдерде өмір сүру. Бірақ бір қиындық бар – сен тек өз ана тіліңде сөйлейсің! Егер сен басқа тілді білсең, жана достар тауып, қызықты оқиғаларға тап болар едің.

Тапсырма: Балалар «Егер мен жаңа тілді тез үйренсем, не істер едім?» деген сұраққа шартты раймен креативті жауап дайындайды.

Ықтимал жауаптар:

1. «Егер мен ағылшын тілін үйренсем, шетелге саяхаттап, жаңа достар табар едім.» «If I learned English, I would travel abroad and make new friends».

2. «Егер мен испан тілін білсем, Барселонаға барып, футбол жұлдыздарымен сөйлесер едім.» «If I knew Spanish, I would go to Barcelona and talk to the football stars».

3. «Егер мен қытай тілін білсем, әлемдегі ең үлкен кітапханалардан білім алар едім.» «If I knew Chinese, I would be educated in the largest libraries in the world».

Ағылшын тіліндегі шартты райдың 1 түрінен бірнеше тапсырмалар топтамасын қарастырайық.

Put the verbs in brackets into the gaps. Form a Conditional sentence – type I. Only use the will-future in the main clauses.

EXAMPLE:

If I ... (to go) to the cinema, I ... (to watch) an interesting film.

ANSWER:

If I go to the cinema, I will watch an interesting film.

Task 1

If I ... (to study), I ... (to pass) the exams.

If the sun ... (to shine), we ... (to walk) into town.

If he ... (to have) a temperature, he ... (to see) the doctor.

If my friends ... (to come), I ... (to be) very happy.

If she ... (to earn) a lot of money, she ... (to fly) to New York.

If we ... (to travel) to London, we ... (to visit) the museums.

If you ... (to wear) sandals in the mountains, you ... (to slip) on the rocks.

If Rita ... (to forget) her homework, the teacher ... (to give) her a low mark.

If they ... (to go) to the disco, they ... (to listen) to loud music.

If you ... (to wait) a minute, I ... (to ask) my parents.

Answers

If I **study**, I **will pass** the exams.

If the sun **shines**, we **will walk** into town.

If he **has** a temperature, he **will see** the doctor.

If my friends **come**, I **will be** very happy.

If she **earns** a lot of money, she **will fly** to New York.

If we **travel** to London, we **will visit** the museums.

If you **wear** sandals in the mountains, you **will slip** on the rocks.

If Rita **forgets** her homework, the teacher **will give** her a low mark.

If they **go** to the disco, they **will listen** to loud music.

If you **wait** a minute, I **will ask** my parents.

Дескриптор:

- Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі шартты райдың сәйкестігін ажырата алады. (грамматикалық құрылымын).
- Сөйлемді дұрыс құрай алады.
- Ағылшын тілінде грамматикалық тапсырмаларды орындайды

№7

Кіріктірілген пәндер: Қазақ тілі мен Ағылшын тілі

Тақырыбы: Қазақ тіліндегі етістіктің келер шақ категориясын ағылшын тілімен салыстыра оқыту

Оқу мақсаттары:

Қазақ тілі: 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану

Ағылшын тілі: 7.6.8.1 use future form will to make offers, promises, and predictions on a growing range of familiar general and curricular topics;

Сабақтың мақсаты:

Сабақ мақсаты: тілдесім барасында шақ категориясын (келер шақ түрлерін қолданады)

Құндылығы:

1. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

– Оқуға, өз халқының рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде ана тіліне деген қызығушылық таныту

– Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын бағалау

1 .INDEPENDENCE AND PATRIOTISM

- Interest in reading, the native language as part of spiritual culture of their people.
- Willingness to fulfill citizen's duties Kazakhstan, to protect the interests and values of their country

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келер шақ

Келер шақ – сөйлеу кезінен кейін болатын іс-әрекетті білдіретін шақ түрі. Қазақ және ағылшын тілдерінде келер шақтың жасалу жолдары әртүрлі болғанымен, кейбір ұқсастықтары да бар.

Қазақ тілінде келер шақтың үш түрі бар:

Келер шақ түрі	Жасалу жолы	Мысалдар
Болжалды келер шақ	-ар, -ер, -р, болымсыз етістікке -с	Мен сабақ оқырмын. Ол келмес.
Мақсатты келер шақ	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	Біз кездеспекпіз. Ол үйренбек.
Ауыспалы келер шақ	Іс-әрекеттің орындалуын бірде осы шақтық, бірде келер шақтық мағынада көрсетеді. Осы шақ формасы + мезгіл мәнді сөздер	Мен ертең қалаға барамын. Олар жазда саяхатқа шығады.

Ағылшын тілінде келер шақтың негізгі екі түрі бар:

Келер шақ түрі	Жасалу жолы	Мысалдар
Simple Future (қарапайым келер шақ)	will + негізгі етістік	I will study tomorrow. (Мен ертең сабақ оқимын.)
Be going to (жоспарланған іс-әрекет, болжам)	am/is/are + going to + етістік	She is going to travel next month. (Ол келесі айда саяхатқа шығайын деп жатыр.)

Ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Салыстыру критерийі	Қазақ тілі	Ағылшын тілі
Келер шақтың түрлері	Үш түрі бар: болжалды, мақсатты, ауыспалы	Екі негізгі түрі бар: “will” және “be going to”
Жасалу жолдары	Жұрнақтар арқылы (-ар, -мек, -пек, -р, -с)	Көмекші етістіктер арқылы (will, be going to)

Мәні мен қолданылуы	Болжам, мақсат, жоспарлы іс-әрекетті білдіреді	Болжам, жоспар, шешім қабылдау сияқты мағыналар береді
Ауыспалы келер шақ	Осы шақ формасында келіп, мезгіл мәнді сөздермен беріледі	Келер шақ нақты грамматикалық формалармен жасалады
Мысалдар	Мен ертең мектепке барамын. Ол үйренбек	I will go to school tomorrow. She is going to learn.

Мысалдар:

Қазақша сөйлем	Ағылшынша аудармасы
Біз келесі аптада сапарға шықпақпыз.	We are going to travel next week.
Мен ертең саған хабарласамын.	I will call you tomorrow.
Олар биыл жаңа үй салмақ.	They are going to build a new house this year.
Мен ертең ерте тұрамын.	I will wake up early tomorrow.

Жұптық жұмыс. Тапсырма. «Болашақтағы сұхбатым» әдісі арқылы өзіңізді болашақта танымал адам (ғалым, кәсіпкер, спортшы) ретінде елестетіп, сұхбат беріңіз. Келер шақ түрлерін қолданыңыз.

Журналист сізден қазақ тілінде болашақтағы жоспарларыңыз туралы сұхбат алады. Сіз ағылшын тілінде болашақ өміріңізді сипаттайтын жауаптарыңызды айтыңыз.

Үлгі: Журналист: Сіз келесі жылы қандай жаңа жобаларды қолға алмақсыз?

I am going to launch a new startup related to artificial intelligence. It will help people in their daily tasks.

Дескриптор:

- журналист сұхбат алады;
- білім алушысұрақтарға жауап береді;
- сұхбат форматын, құрылымын сақтайды;
- мақсатты келер шақты қолданады;
- болжалды келер шақты пайланады;
- сұраулы сөйлем құрылымын сақтайды;
- сөйлем стилистикасын сақтайды.
- ағылшын тілінде грамматикалық тапсырмаларды орындайды

Бағалау: «Коментарий» әдісі бойынша бағалау. Жұптар бір-бірінің сұхбаттарына дескриптор бойынша коментарий айтады.

Жеке жұмыс. Тапсырма. «Менің болашақ хатым» әдісі арқылы болашақтағы өзіңізге хат жазыңыз. Келер шақ түрлерін қолданыңыз.

Қазақша: Болжалды, мақсатты және ауыспалы келер шақты қолданып жазыңыз. Ағылшынша: «Will» және «Be going to» құрылымдарын қолданыңыз.

Put in the verbs in brackets into the gaps and form negative sentences in will-future.

EXAMPLE:

The rain ... in the afternoon. (*not/to stop*)

ANSWER:

The rain will not stop in the afternoon. *or*
The rain won't stop in the afternoon.

- 1) Tim ... the teacher. (*not/to tell*)
- 2) I hope I ... the train to Manchester. (*not/to miss*)
- 3) She ... her hair green. (*not/to dye*)
- 4) He ... breakfast tomorrow morning. (*not/to prepare*)
- 5) The manager ... trees in front of the office building. (*not/to plant*)
- 6) Melissa ... jeans at her party. (*not/to wear*)
- 7) My friends ... in a city. (*not/to live*)
- 8) We ... about the bad weather. (*not/to worry*)
- 9) I ... in this lake. (*not/to swim*)
- 10) You ... the vase on the shelf without a ladder. (*not/to reach*)

Answers:Начало формы

- 1) Tim will not tell the teacher.
- 2) I hope I will not miss the train to Manchester.
- 3) She will not dye her hair green.
- 4) He will not prepare breakfast tomorrow morning.
- 5) The manager will not plant trees in front of the office building.
- 6) Melissa will not wear jeans at her party.
- 7) My friends will not live in a city.
- 8) We will not worry about the bad weather.
- 9) I will not swim in this lake.
- 10) You will not reach the vase on the shelf without a ladder.Конец формы

Put in the verbs in brackets into the gaps and form sentences. Use going to-future.

EXAMPLE:

She ... a present for her mother. (*to buy*)

ANSWER:

She is going to buy a present for her mother. *or*
She's going to buy a present for her mother.

- 1) He ... his friend. (*to phone*)
- 2) We ... a new computer game. (*to play*)
- 3) My sister ... TV. (*to watch*)
- 4) You ... a picnic next Tuesday. (*to have*)
- 5) Jane ... to the office. (*to go*)
- 6) They ... to the bus stop this afternoon. (*to walk*)
- 7) His brother ... a letter to his uncle today. (*to write*)
- 8) She ... her aunt. (*to visit*)
- 9) I ... my homework after school. (*to do*)
- 10) Sophie and Nick ... their friends. (*to meet*)

Answers:

1. He **is going to phone** his friend.
2. We **are going to play** a new computer game.
3. My sister **is going to watch** TV.

4. You **are going to have** a picnic next Tuesday.
5. Jane **is going to go** to the office.
6. They **are going to walk** to the bus stop this afternoon.
7. His brother **is going to write** a letter to his uncle today.
8. She **is going to visit** her aunt.
9. I **am going to do** my homework after school.
10. Sophie and Nick **are going to meet** their friends.

going to-future - Statements in English

Дескриптор:

– хаттың кіріспесінде болашақта өзін қандай тұлға ретінде елестететінін жазады;

– қандай жетістіктерге жететінін сипаттап жазады;

– болашақтағы бір күніңізді сипаттайды;

– өзіне мотивация беретін сөздер жазады.

– ағылшын тілінде грамматикалық тапсырмаларды орындайды

Бағалау: Дескриптор бойынша бірін-бірі бағалайды.

Дескриптор:

– Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі келер шақтың сәйкестігін ажырата алады. (грамматикалық құрылымын).

– Сөйлемді дұрыс құрай алады.

№8

Кіріктірілген пәндер: физика, химия

Тақырып: Биогаз өндірісі – энергия үнемдейтін тиімді технология түрі

Оқу мақсаттары:

Физика: 8.4.3.8 Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру


Химия: 8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу;

Сабақ мақсаттары:

Биогаздан алынған электр энергиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттейді.

Ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары: талдау, салыстыру, мәтінмен жұмыс және т.б. дағдылары дамиды

Тапсырма 2. Әлемдегі биогаз өндірісі -ӨЭА есебі. 12 ақпан 2021 жыл.



Әлемдегі биогаз өндірісі -ӘЭА (IEA) есебі. 12 ақпан 2021 жыл.

Әлемдік энергетикалық агенттіктің (ӘЭА) жариялаған есебінде 2019 жылғы IEA Bioenergy Task 37 бағдарламасынына қатысушы 37 елдегі биогазды өндіру бойынша мәліметтер жиналған.

Өндірілген биогаз осы елдердің көпшілігінде жылу және электр энергиясын алу үшін қолданылады. Швецияда өндірілген өнімнің жартысынан көбі автомобиль отыны ретінде жұмсалады. Көлік отыны ретінде биогазды қолданудан Германия екінші орында тұр. Франция, Нидерланды, Дания және Оңтүстік Корея сияқты көптеген басқа елдердің биометанды автомобиль тасымалында отын ретінде пайдалану үшін дамып келе жатқан нарығы бар.

Ұлыбританияда, Германияда, Австрияда электр энергиясын өндіруде басым жағдайда электр энергиясына арнайы тарифтерді енгізу себеп болған.

Франция, Дания, Швеция, Ұлыбритания елдеріндегі қаржылық көмек беру жүйесі газ торабында биогаз массасы үлесінің артуына әкелді.

2.1.Суреттегі диаграмма бойынша биогазды өндіруді ең көп биогазқондырғы орнатқан қандай ел және шамамен қанша ?

\\Германия, 10 000 аса биогаз қондырғысы жұмыс жасап тұр.\\

Дескриптор

Диаграмма бойынша ең көп биогазқондырғы орнатқан елді тауып, санын анықтайды. \1балл\

2.2.Биогазды қолдану бойынша көшбасшы 4 елді анықтап, кему ретімен орналастырып жазыңыз

Германия ,Ұлыбритания, Франция, Швейцария

Дескриптор

Диаграмма бойынша биогазды қолданатын көшбасшы 4 елді анықтап, кему ретімен орналастырады \1балл\

2.3.Қоқыс полигонынан шикізатты көп пайдаланатын ел ?

Ұлыбритания

Дескриптор

Қоқыс полигонынан шикізатты көп пайдаланатын елді табады.\1балл\

2.4.Швейцариядағы биогаз өндірісі немен ерекшеленеді?

\Швейцария шикізаттың екі түрін: *осадки сточных вод* және қоқыс полигоны\ ғана қолданады. Басқа елдерге қарағанда *осадки сточных вод* көбірек пайдаланды.

Дескриптор

биогаз өндірісінің ерекшеліктерін атайды.\1балл\

2.5.Өндірілген биоэнергиялары шамалас, шикізаттың үш түрін де қолданатын елдерді анықтаңыз.

\Швеция мен Нидерланды\

Дескриптор

Сұраққа жауап береді \1балл\

2.6. Көптеген елдерде көп жағдайда биогазды қолдану саласының артуына әкелген жүйені атаңыз.

\Баяндамада биогазды қолдану саласы көп жағдайда фискальды жүйеге тәуелді екені атап көрсетілген.\

Дескриптор

Сұраққа жауап береді\1балл\


Тапсырма 3

Биогаз және үнемдеу

Биогазды қолдану арқылы мазут, көмір, электроэнергия және басқа да энергиятасымалдаушылар үнемделеді.

Энергия 0.6 м³ табиғи жанғыш газ энергиясына эквивалентті. Бірлік көлемдегі биогаз жанғанда бөлінетін энергия көмірсутекті отын түрлерін үнемдеу мөлшері кестеде берілген.

Табиғи жанғыш газ	0.6 м ³
Мұнай	0.65 л
Дизель отыны	0.74 л
Бензин	0.48 л



3А) Биогаздың химиялық құрамын анықтап, формуласын жазыңыз.

3Ө) Биогаздың басты компоненттерін атап өтіңіз.



Химическая формула биогаза

Газ	Химическая формула	Объем
Метан	CH_4	40-70%
Углекислый газ	CO_2	30-60%
Другие газы		1-5%
Водород	H_2	0-1%
Сероводород	H_2S	0-3%

Дескриптор

Сұрақтарға жауап береді\2 балл\

Үй тапсырмасы 2. Жоба қорғау. Топтық жұмыс.

Жоба тақырыбы: Қазақстанда биогаз өндірісі: кеше, бүгін, ертең.

– Қазақстандағы өндірістік көлемде биогаз өндіру және тұтыну бойынша деректер жинап, өңдеңіздер. Жобалау сатысындағы жоспарланған биоқондырғылар туралы ақпарат қараңыздар.

– Қазақстан картасында биогаз қондырғылары орнатылған және жобадағы жерлерді белгілеңіз.

– Биогаз қондырғыларын орнатудың экономикалық, энергия тиімділігі туралы мәлімет жинаңыздар.

– Біздің елімізде баламалы энергия көзі ретінде биогазды қолданудың болашағы туралы ой түйіндеңіз.

– хабарлама\ презентация \ түрінде кесте, диаграмма құрып, сыныптастарыңмен бөлісіңдер.

№9

Кіріктірілген пәндер: Математика мен информатика

Тақырып: Теңдеу және теңдеулер жүйесімен шешілетін геометриялық есептер

Оқу мақсаттары:

Математика: 8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу;

Информатика: 8.3.2.1 геометриялық фигуралардың өлшемдерін есептеу алгоритмінің программасын жүзеге асыру.

Сабақтың мақсаты: Білім алушылар мәтінмен берілген есептердің моделін жасап, квадрат теңдеудің көмегімен шығарады және программалау тілінде есептің кодын жаза алады.

Ой қозғау

1-тапсырма: Абай Құнанбайұлының:



Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын, бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ...
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым тап шыным.....» деген өлеңдегі

А) «Атадан алтау,

Анадан төртеу» сөздерінің мағынасын қалай түсінесіз?

Ә) Осы өлең сөзінде кездесетін сандарды квадрат теңдеудің түбірлері деп қарастырып, квадрат теңдеу құрастырыңыз.

2-Тапсырма: Қазақтың тіктөртбұрыш тәрізді сырмағының ені ұзындығынан 4 см кем. Егер сырмақтың ауданы 12 см^2 болса, онда оның ені мен ұзындығы қандай?

Шешуі:

Айталық, x -сырмақтың ұзындығы болсын.

Ені (b): $x-4$ (см)

Ұзындығы (a): x (см)

Ауданы: $12 \text{ (см}^2\text{)}$

$$S = a \cdot b$$

$$12 = x \cdot (x - 4)$$

$$x^2 - 4x - 12 = 0$$

$$x_1 = -2; x_2 = 6$$

$$x_1 = -2 \text{ бөгде түбір.}$$

$$x=6 \text{ (сырмақтың ұзындығы)}$$

$$x-4=6-4=2 \text{ (сырмақтың ені)}$$

Дескрипторлар:

- Математикалық теңдеулерді құрады және олардың шешімін анықтайды.
- Python кодын жазып, теңдеуді шешудің автоматтандырылған әдісін қолданады.
- Алынған нәтижелерді талдап, оның дұрыстығын тексереді.

Бұл есепті информатика тұрғысынан алгоритм түрінде көрсету үшін, Python тілінде код жазып, есепті автоматты түрде шешуге болатын алгоритм құрастырамыз.

Алгоритм:

1. Ұзындықты x деп аламыз.
2. Ені $b = x - 4$ деп белгілейміз.
3. Ауданның формуласы: $A = x \cdot (x - 4)$.
4. Ауданды 12 см^2 -ге тең деп аламыз.
5. Теңдеуді құрып, оны шешеміз.



6. Нәтижені шығарамыз.

Python коды:

```
import math
def solve_rectangle():
    # Белгісіз ұзындықтарды анықтау үшін квадраттық теңдеу құрамыз
    # Ұзындығы x, ені x - 4
    # Ауданы:  $x * (x - 4) = 12$ 
    a = 1 #  $x^2$  коэффициенті
    b = -4 # x коэффициенті
    c = -12 # бос мүше
    # Дискриминантты есептеу
    D = b**2 - 4*a*c
    if D < 0:
        return "Шешімі жоқ"
    # Шешімдерді табу
    x1 = (-b + math.sqrt(D)) / (2 * a)
    x2 = (-b - math.sqrt(D)) / (2 * a)
    # Ұзындық оң болуы керек
    length = max(x1, x2)
    width = length - 4
    return length, width
length, width = solve_rectangle()
print(f"Сырмақтың ұзындығы: {length:.2f} см")
print(f"Сырмақтың ені: {width:.2f} см")
```



Қорытынды:

- Сырмақтың ұзындығы: **6 см.**
- Сырмақтың ені: **2 см.**

Бұл алгоритм арқылы есепті автоматты түрде шығара аламыз.

Сырмақ

Сырмақ – арнайы биязы жүннен басылған жұқа киізге басқа түсті киізден немесе матадан ою-өрнек сырып, астар салынып тігілген бұйым. Сырып тігу деп арасын жиілетіп бастырып тігуді айтады. Сырып тігудің өзінің қайып сыру, тепшіп сыру және қабып сыру деген үш түрі бар. Сондықтан бұйымның атының өзі сол жасалу жолына орай (сыру - сырмақ) қойылған деуге негіз бар.

Сырмақ жасалуына қарай өрнекті, бастырмалы, жіппен әдіптелген деген сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Ою-өрнекті сырмақтар негізінен түкті кілем тоқу өнері онша дамымаған Сарыарқа жерінде, Алтайдың батыс аймақтарында кең тараған. Әдетте киіздің әртүрлі түсті екі бөлігін бірінің үстіне бірін қойып, оюды қайшымен қиып алады. Сосын сол өрнектің екі жақ шетін бірдей жиектей келіп, ортасын сырады. Одан соң ақ жүнге қара, не қоңыр, я болмаса керісінше қоңыр түске ақ жүн қапсырылады. Сонда сырмақтың өрнектелген бетінде екі түрлі үйлесімді түс пайда болады. Бірінің үстіне бірі салынған жүндерді қабыстыра келіп, астындағы киіздің бетіне салады да, оны жиілеп сырып тігеді.

Әрине, ол салынған ою-өрнекпен жиектеліп, бірге сырылады. Түрлі-түсті жүндердің қосылған тұсындағы тұйық желісіне бояулы жіп тігіледі. Егер текеметтерде көбінесе жануардың болмысын ойға салатындай оюлар қолданылса, сырмақтарда өсімдік нышандарын бейнелеу басым.

Сырмақтың орталық алаңы бар, ол өрнектермен бөлінеді де, көбінесе ешкі жүнімен шашақталып, әдіптеледі. Ортадағы оюлар мен шетіндегі өрнектер бір-бірін қайталамауы тиіс. Сырмақ сырылады, жиектеледі, астарланады. Ал, бастырмалы сырмақ дегеніміз бетіне сәтен, пүліш, барқыт, мақпал, мауыты секілді маталардан өрнек салынған сырмақтар.

Кейде жұқа киіз бетіне түгел аң терісін тұтастай жапсырып тігу дәстүрі де болған. Ондай сырмақтар дәулетті кісілердің үйінде құрметті қонақтың астына төселген. Қарағанды, Ақмола, Павлодар аймақтарында бітпес атты сырмақ түрі жиі ұшырасады. Мұнда киізге өрнектер арнайы жібек жіптің көмегімен салынады. Ол жіппен қалаған өрнегіңді қалағаныңша иіп, барынша дәл салуға болады. Бітпесте негізінен қошқар мүйіз, қос мүйіз және сыңар мүйіз оюлары жиі бедерленген. Шығыс Қазақстан өңірінде қомша, қалауыш, әбдіре жапқыш секілді шағын ғана сырмақтар кездеседі. Олардың әбдіре немесе төсектен салбырап тұратын жиегіне шашақ тігілген. Ою-өрнекті киізге басып тігу оны мезгілінен бұрын тозудан сақтайды.

Сапалы жасалған сырмақ 50 жылға дейін шыдас береді. Қазақ әйелдері сырмақтың киіз үйдің қай тұсына төселетініне дейін алдын ала өлшеп-пішіп алған. Соған байланысты сырмақтар өзінің көлеміне, қолданылу мақсатына қарай төр сырмақ, төсек сырмақ, от киіз, от сырмақ, төрткүл сырмақ, үлкен сырмақ, шай сырмақ, жамбас сырмақ, тері сырмақ, тері бөстек деген түрлі атауларға ие болған.

3 – тапсырма: Шеңбердің радиусы 3 см болған кезде, шеңбердің ұзындығын және шеңберге іштей сызылған теңбүйірлі АОВ үшбұрыштың ауданын табыңыз

Шешуі:

$$R = 3 \text{ см}$$

АОС үшбұрышы теңбүйірлі, тікбұрышты.

Табу керек:

С-шеңбер ұзындығын

S- үшбұрыш ауданын


$$C_{\text{шеңб.}} = 2\pi R; C = 2\pi \cdot 3; C = 6 (\text{см})\pi$$

$$S_{\Delta} = \frac{1}{2} ab$$

ΔAOC – тікбұрышты болғандықтан,

$$a = b = R = 3$$

$$S_{\Delta} = \frac{1}{2} \cdot 3 \cdot 3 = \frac{9}{2} = 4,5 (\text{см}^2)$$



Жауабы:

$$C = 6 \pi (\text{см})$$

$$S_{\Delta} = 4,5 \text{ (см}^2\text{)}$$

Шеңбердің радиусы 3 см болған кезде, шеңбердің ұзындығын табу үшін алгоритм мен Python кодын ұсынамын.

Алгоритм:

1. Радиус мәнін енгізу (r).
2. Периметрді есептеу формуласы: $C=2 \times \pi \times r$ $C = 2 \times \pi \times r$

$rC=2 \times \pi \times r$.

3. Содан кейін нәтижені шығару.

Python коды:

```
import math
def circle_length(radius):
    return 2 * math.pi * radius
def triangle_area(radius):
    return 0.5 * radius * radius
R = 3
C = circle_length(R)
S = triangle_area(R)
print(f'Шеңбердің ұзындығы: {C:.2f} см")
print(f'Үшбұрыштың ауданы: {S:.2f} см²")
```

Нәтиже:

Кодты орындаған кезде шеңбердің периметрі 18.85 см шамасында болады; Үшбұрыштың ауданы: 4,5 см².

Дескрипторлар:

- Геометриялық фигуралардың параметрлерін есептеуге арналған формулаларды біледі.
- Python тілінде есептерді автоматтандырып шығарады.
- Алынған нәтижелерді түсіндіреді және қолдану аймағын анықтайды.

Қорытынды Бұл жобада біз математикалық есептерді шешудің әртүрлі жолдарын қарастырдық. Python тілін пайдалану арқылы күрделі есептерді автоматтандырып, уақыт үнемдеуге болады. Бұл әдістер инженерлік есептерде, физикада және тұрмыстық мәселелерді шешуде пайдалы болуы мүмкін.

Бекіту сұрақтары

1. Шеңбердің ұзындығының формуласы қандай?
2. Теңбүйірлі тікбұрышты үшбұрыш дегеніміз не?
3. Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын қалай табамыз?
4. Python тілінде геометриялық есептерді шығаруда қандай қиындықтар кездесті?

Өзбетінше орындауға арналған тапсырмалар:

№1. 2. Ені ұзындығынан 4 см артық, ал ауданы 60 см² тік төртбұрыштың периметрін табыңыз.

№2. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттерінің біреуі гипотенузадан 3 см кіші, ал екіншісі гипотенузdan 6 см кіші. Гипотенузаны табыңыз

Кері байланыс: «Білім поштасы»



№10

Кіріктірілген пәндер: Еңбек және тарих

Тақырып: Өнертапқыштық және жаңашылдық

Оқыту мақсаттары:

- Пәндік терминологияны пайдалана отырып, басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) және өз жұмыстарындағы әдіс- тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау
- Өнертапқыштықты практикалық тұрғыда көрсету арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сабақтың мақсаты:

- Өнертапқыштық әлемін және оның дамуының маңыздылығын көрсету арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Білім алушыларды өз идеяларын жүзеге асыруға және практикалық модельдер жасауға ынталандыру.

1.Тапсырма: Жеке жұмыс.

1. **Жаңашылдық пен өнертапқыштықтың маңызды кезеңдері мен**

тұлғалары көрсетілген:

Жаңашылдық	Өнертапқыштық
Дөңгелектің ойлап табылуы	Телефонның ойлап табылуы
Жазудың пайда болуы	Телеграфтың ойлап табылуы
Баспа станогының ойлап табылуы	Радионың ойлап табылуы
Индустриялық революция	Электр шамының ойлап табылуы
Компьютердің дамуы	Интернеттің ойлап табылуы


2. **Тарихты зерделеу:** Оқушылар жаңашылдық пен өнертапқыштық тарихындағы маңызды кезеңдер мен тұлғаларды зерттендер.

3. **Салыстыру:** Оқушылар жаңашылдық пен өнертапқыштықты салыстыр, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықта.

3.«Жаңашылдық пен өнертапқыштық тарихы». Жұптық жұмыс

Мақсаты:

- Білім алушыларға белгілі өнертапқыштар мен жаңашылдар туралы зерттеу жүргізу: (Томас Эдисон, Стив Джобс, Марк Цукерберг).



-Олардың ойлап тапқан жаңалықтары мен сол жаңалықтардың қоғамға әсері туралы зерттеу нәтижелерін жүргізіп, сынып алдында қорғап, сұрақтарға жауап береді.

Кестені толтыр:

Өнертапқыш	Тарихы	Жаңашылдық	Қоғамға әсері
Томас Эдисон			
Стив Джобс			
Марк Цукерберг			

Дескриптор:

1.Өнертапқыштық пен жаңашылдықтың қоғамға және ғылымға әсерін түсінеді.

2.Өнертапқыштық пен жаңашылдықтың дамудағы рөлін біледі.

3.Жаңашылдықтың қажеттілігін және өнертапқыштардың әлемді жақсартудағы маңызды рөлін анықтайды.

3.Тапсырма: «Өнертапқыштық әлемі» (Модель жасау).Топтық жұмыс.

Қажетті материалдар: Қағаз, картон, түрлі-түсті қағаз, түймелер, пластилин, желім, қағаз ленталары, маркерлер, т.б.

Модель жасау: Білім алушылар өздерінің сызбаларын негізге ала отырып, модельді құрастырады. Олар модельдің бөлшектерін біріктіріп, түстер мен текстураларды қолданады.

Мысалы, егер модель энергия үнемдеу құрылғысын көрсету мақсатында жасалса, оқушылар жаңа энергия көзін немесе жасыл энергия жүйесін көрсететін құрылым жасап, оны визуалды түрде нақтылауы керек.

Дескриптор:

1.Жаңаша идеялар мен тәсілдерді ұсынады.

2.Практикалық тұрғыда шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

3.Өнертапқыштық қасиеттерін практикалық тұрғыда көрсетеді.

Бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
Жоғары деңгей	Оқушы практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындап, жан-жақты, тың идеялар мен тәсілдерді ұсынады	8-10 балл

Орташа деңгей	Оқушы тапсырмаларды орындауда белгілі бір шектеулермен жұмыс істейді, бірақ нәтижелері әдеттегі деңгейде болады	5-7 балл
Төмен деңгей	Оқушы тапсырманы дұрыс орындамайды немесе идеясын толығымен дамытуға қабілетсіз болады	0-5 балл

№11

Тақырып: Жауапкершілік және тұрақтылық

Кіріктірілген пәндер: Еңбек және тарих

Оқыту мақсаттары:

1. Оқушының іс-әрекеттерінің салдары мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну дағдыларын дамыту.
2. Экологиялық таза материалдарды пайдалану, қайта өңделетін және ұзақ уақыт қолданылатын бұйымдарды жасауға дағдыландыру.

Сабақтың мақсаты:

- Оқушыларға іс-әрекеттерінің салдары мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну дағдыларын дамыту.
- Білім алушыларды экологиялық таза материалдарды пайдалану, қайта өңделетін және ұзақ уақыт қолданылатын бұйымдарды жасауға дағдыландыру.

Тапсырма: Білім алушылар арасында пікірталас жүргізу: TEDX форматында

Қазіргі таңда осы ұғымдардың маңыздылығы қандай?

«Қазіргі әлемде жауапкершілік пен тұрақтылық арасындағы байланыс қандай?»

Қандай технологиялар экологиялық мәселелерді шешуге көмектесе алады? Экономикалық тұрақтылықты арттыру үшін білім алушылар өздерінің технологиялық идеяларын жүзеге асыра отырып, қандай инновациялық бұйымдар жасауға болады?

Тапсырма: Жеке жұмыс.

«Жасыл энергия көздеріне арналған иллюстрация жасау».



Құрал-жабдықтар:

Графитті қарындаштар (HB, 2B, 4B, 6B және т.б.)

Акрилді бояулар – жарық және күңгірт түстермен жұмыс істеу үшін.

Гуаш бояулар – су негізіндегі бояулар, жеңіл және жарқын түстер үшін.

Ақ қағаз – қарындаш және қаламмен сурет салуға арналған.

Акварель қағазы – су негізіндегі бояулармен жұмыс істеуге арналған.

Палитра – бояуларды араластыру және түс үйлесімдерін жасау үшін.

Өшіргіш – қажетсіз сызықтарды өшіру үшін

Топтық жұмыс. Салған сызбалары бойынша моделдер жасау

1-Топ .Күн энергиясы модельдері:

Дескриптор:

Күн панельдерінің тиімділігін модельдейді.

Ақпарат көздерін тиімді пайдаланады

Күн сәулесінің әртүрлі климаттық жағдайларда қалай өзгертетінін және күн панельдерінің жұмыс тиімділігін анықтайды.

2-Топ Жел энергиясы модельдері:

Дескриптор:

Жел турбиналарының тиімділігін модельдейді

Ақпарат көздерін тиімді пайдаланады

Жел станциясының орналасуы мен қуат өндіру мүмкіндіктерін болжайды.

Шығармашылық процесті тиімді ұйымдастырылып, тақырып көркемдік тұрғыдан ашылады

Бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Дескриптор 1-Топ	Дескриптор 2-Топ	Балл
Креативті ойлау	Күн панельдерінің тиімділігін модельдейді.	Жел турбиналарының тиімділігін модельдейді	3
Ақпараттық сауаттылық	Ақпарат көздерін тиімді пайдаланады	Ақпарат көздерін тиімді пайдаланады	3
Технологиялық дағдылар	Күн станциясының орналасуы мен қуат өндіру мүмкіндіктерін болжайды.	Жел станциясының орналасуы мен қуат өндіру мүмкіндіктерін болжайды.	2
Ұйымдастыру дағдылары	Білім алушы шығармашылық процесті тиімді ұйымдастырылып, тақырып көркемдік тұрғыдан ашылады	Оқушы шығармашылық процесті тиімді ұйымдастырылып, тақырып көркемдік тұрғыдан ашылады	2
Жалпы ұпай	Максималды 10 ұпай	Максималды 10 ұпай	10

№12

Кіріктірілген пәндер: Бейнелеу өнері мен Еңбек

Тақырып: Еңбекқорлық – табыстың кілті

Оқыту мақсаттары:

Бейнелеу өнері: Еңбекқорлықтың табысқа жетудегі ролін және оның жеке тұлғаны дамытудағы маңыздылығын түсіну және сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту

Еңбек: 9.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану

Сабақтың мақсаты: Білім алушылар бейнелеу өнері мен еңбек сабақтарында еңбекқорлықтың маңыздылығын түсініп, шығармашылық ойлау мен сыни ойлау дағдыларын дамытады. Сондай-ақ қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалана отырып, шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасауда өз қабілеттерін жетілдіреді.

Тапсырма: «Еңбекқорлық және табыстың байланысы» жобасы

Ұлттық камзол мен тақия жасау әдістері

а) Сұрақ-жауап кезеңі

1. Еңбекқорлық деген не?

2. Еңбекқорлық қалай табысқа жетуге көмектеседі?

ә) <https://learningapps.org/watch?v=pef05vr5322> -қауіпсіздік ережесін learningapps платформасында орындау

Кіру жолдары:



1. Ұлы телефон камерасы арқылы QR сканерлеңіз.
2. Сілтемеге өтіңіз.
3. Тапсырманы орындаңыз.
4. Жауап берген соң көк батырманы басаңыз.


б) Мәтінмен жұмыс /топтық жұмыс/: Қазақ ұлттық киімдері: камзол мен тақияның тарихы және маңызы.

«Таймд раунд робин» /Сингапулық тәсілдер/

Тарихы	Маңызы
Камзол	
Камзол - қазақтың дәстүрлі киімдерінің бірі. Ол ерлерге де, әйелдерге де арналған. Камзол көбіне XIX ғасырда кеңінен тараған, бірақ оның тарихы одан да ертерек басталады. Камзолды жасау барысында түрлі маталар қолданылған: барқыт, атлас, жібек және т.б. Ол көбіне ою-өрнектермен, әсіресе, қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен сәнделген	Камзол қазақ халқының мәдени мұрасының бір бөлшегі болып табылады. Ол тек сән үшін ғана емес, сонымен қатар практикалық мақсатта да қолданылған, мысалы, салқын кездерде жылы болу үшін. Камзолдың ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтау мен таратудағы рөлі үлкен. Ол қазақ халқының тарихын, өнерін және өмір сүру салтын бейнелейді.
Тақия	
Тақия - қазақ ерлерінің ұлттық бас киімі. Ол көбіне дәстүрлі мерекелерде, тойларда, жиындарда киілген. Тақияның тарихы да тереңде жатыр және ол қазақтың ұлттық киімдер кешенінің маңызды бөлігі болып табылады. Тақияның әртүрлі пішіндері мен сәндері бар, олар аймақтық ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады.	Тақия қазақ халқының ұлттық болмысын айқындаушы киім ретінде үлкен маңызға ие. Ол адамның мәртебесін, әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, тақия қазақтың ұлттық өнерінің, қолөнерінің дамуына үлкен үлес қосқан. Тақияның әдемі ою-өрнектері мен

	кестелері қазақ халқының эстетикалық талғамын көрсетеді.
Қазақ ұлттық киімдері, оның ішінде камзол мен тақия, тек сән элементі ғана емес, сонымен қатар мәдени мұра, тарих пен дәстүрдің айқын бейнесі болып табылады. Олар қазақ халқының ұлттық бірегейлігін көрсетуге және сақтау үшін маңызды рөл атқарады.	

«Таймд раунд робин» оқушылардың партада отырғызу нұсқаулығы



в) *Жеке жұмыс:* «Абай жолы» роман эпопеясындағы Айгерімнің камзолының сипаттамасы қандай еді? Суретін салыңыздар.

г) *Шығармашылық жұмыс:* Камзол мен тақия тігу технологиясы. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрлері және олардың табыс табу жолдары.



Әр топ берілген нобайлар бойынша суреттерін салып, камзол мен тақия тігеді. Осы камзол мен тақияны есептеу барысында қандай қаражаттар кетеді есептеу

№	Қажетті материалдар	құны
1	Маталар	
2	Ине-жіп	
2	Ұлттық оюлар	



Костюм дайындау

- 1.Композиция заңдылықтарын сақтай отырып, костюм дизайнын жасау (қағаз, қалдық маталар, ине-жіп)
- 2.Түрлі сәндік материалдарды қолдана отырып, шағын сәнмүсінге немесе қуыршаққа киім пәшү, бұйым бөлшектерін өңдеу, қолмен көктеп тігу.



Дескриптор:

1. Матаның қасиеттерін ажырата алады (тығыздық, серпімділік, түс үйлесімі).
2. Киім үлгісіне сәйкес матаны дұрыс таңдайды.
3. Қажетті қабат-сыйымдылықты қайып, ете, әуе, түзе машинасы) дайындайды.
4. Жұмыс кезінде киімнің түсімен сәйкестендіреді. Дайын бұйымның сапасын бағалайды (түсінің түзу болуы, мате жігірмеуі, өлшемге сәйкестігі).



Дескриптор:

- Матаның қасиеттерін ажырата алады (тығыздық, серпімділік, түс үйлесімі).
- Киім үлгісіне сәйкес матаны дұрыс таңдайды.

- Қажетті құрал-жабдықтарды (қайшы, ине, жіп, тігін машинасы) дайындайды.
- Жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасын сақтайды. Дайын бұйымның сапасын бағалайды (тігістің түзу болуы, қате жібермеу, өлшемге сәйкестік).

ғ) Әр білім алушы өз зерттеулері мен жоспарларын сыныптастарына презентация ретінде ұсынады.

Презентация жасау кезінде технологияларды тиімді пайдалану (PowerPoint, Prezi).

Бекіту сұрақтары

- Камзолдың қандай материалдардан жасалады?
- Камзолдың негізгі бөліктерін атаңыз.
- Камзол тігу процесінде қолданылатын ою-өрнектердің түрлері қандай?
- Камзол тігу барысында қандай құралдар қажет?

№13

Кіріктірілген пәндер: Бейнелеу өнері мен Еңбек

Тақырып: Шығармашылық ойлау және жаңашылдық

Оқыту мақсаттары:

Бейнелеу өнері:

7.1.3.1-Шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану арқылы)

Еңбек:

7.1.6.2-Бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау

Сабақтың мақсаты:

Бейнелеу өнері:

- Білім алушылар шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып қолдануды үйренеді.
- Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы шығармашылық жұмыстарды жетілдіреді.

Еңбек:



- Білім алушылар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білуді, оларды өңдеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын анықтауды үйренеді.
- Білім алушылар әртүрлі материалдарды қолдана отырып, шығармашылық жұмыстар жасайды.

Тапсырма: «Менің болашақ қалам» макетін жасау

а) Жеке тапсырма:

Идеяны генерациялау:

Оқушылар өздерінің болашақ қаласы қандай болатынын елестетіп, негізгі идеяларын қағазға түсіреді. Мысалы, қаланың инфрақұрылымы, экологиялық жағдайы, технологиялары және т.б.



Ақпарат жинау:

Білім алушылар түрлі ақпарат көздерінен (интернет, кітаптар, ғылыми мақалалар) болашақ қалаға қатысты мәліметтерді жинайды.

Мәліметтерді жинау кезінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану (Google Scholar, JSTOR, Википедия және т.б.).

б) Топтық жұмыс:

Жобаны жасау:

Оқушылар жинаған мәліметтерін қолдана отырып, болашақ қаланың макетін жасайды. Макет қағазда немесе компьютерлік бағдарламада (Canva, Adobe Spark) жасалуы мүмкін.

Қаланың маңызды элементтерін (жасыл аймақтар, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үйлер және т.б.) көрсету.

Қала макетін жасау үшін қажетті құрал-жабдықтар тізімі

Коматекс (бірнеше түстерде):	Ғимараттардың, жолдардың және басқа элементтердің негізі үшін
Қағаз немесе картон:	Құрылымдарды нығайту үшін немесе қосымша элементтер жасауға.
Желім:	Каламек бөліктерін біріктіру үшін
Қайшы:	Каламекті кесу және пішімдеу үшін.
Жарықдиодты шамдар:	Қала макетіне жарық қосу үшін.
Кішкентай ойыншық көліктер:	Қала көшелеріне көлік құралдары ретінде қою үшін.
Түйреуіштер немесе ине:	Каламекті бекіту үшін.
Жіп немесе сым:	Көпірлерді немесе электр желілерін көрсету үшін
Маркерлер немесе бояулар:	Детальдарды бояу үшін.

Дискрипторлар:

Нобайдың идеялары креативті және инновациялық.

- Ақпарат көздері дұрыс таңдалған және тиімді пайдаланылған.
- Технологиялар тиімді қолданылған.
- Макеттің кәсіби тұрғыдан орындаған.
- Мәліметтерді талдау және бағалау қабілеті жоғары.

Бағалау дескрипторы

Бағалау критеріі	Дескриптор	Балл
Креативті ойлау	Оқушы заманаи және дәстүрлі емес материалдарды тиімді пайдаланып, үйлестіруде шығармашылық және инновациялық тәсілдерді қолданды және нобай жасай алады.	3
Ақпараттық сауаттылық	Оқушы ақпаратты дұрыс және дәл пайдаланады	2
Технологиялық дағдылар	Оқушы технологияларды өте тиімді пайдаланып, барлық қажетті дағдыларды меңгерген	3
Ұйымдастыру дағдылары	Оқушы шығармашылық процесті өте тиімді ұйымдастырып, барлық кезеңдерді тиімді жүзеге асырады.	2
Жалпы ұпай	Максималды 10 ұпай	10

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттері дамиды, ақпараттық сауаттылығы мен технологиялық дағдылары жетілдіріледі. Олар болашақ мамандықтары үшін қажетті дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар, оқушылар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды кәсіби тұрғыдан қолдануды үйреніп, өз жұмыстарын сенімді және дәл ақпарат негізінде жасайтын болады. Макет жасау барысында оқушылар әртүрлі материалдарды өңдеу және біріктіру әдістерін үйренеді. Оқушылар макет жасауда эстетикалық және көркемдік талғамдарын дамытады.

№14

Кіріктірілген пәндер: Бейнелеу өнері мен Еңбек

Тақырып: Шығармашылық ойлау: Инновацияға бастар жол

Оқыту мақсаттары:

Еңбек: Шығармашылық ойлау және креативті қабілеттерін дамыту, тұмар жасау технологиясын меңгеру және жасанды интеллектіні қолдану арқылы инновациялық шешімдер ұсыну

Бейнелеу өнері: Оқушыларға бейнелеу өнері арқылы шығармашылық ойлау әдістерін меңгертіп, жаңа идеялар мен инновациялық шешімдер ұсынуды үйрену.

Сабақтың мақсаты:

Еңбек:

- Оқушылар шығармашылық ойлау және креативті қабілеттерін дамыту.
- Тұмар жасау технологиясын меңгеру.

- Жасанды интеллектті қолдану арқылы инновациялық шешімдер ұсыну.

Бейнелеу өнері:

- Оқушыларға бейнелеу өнері арқылы шығармашылық ойлау әдістерін меңгертіп, жаңа идеялар мен инновациялық шешімдер ұсынуды үйрену.

Тапсырма.

Теориялық дайындық:

- Шығармашылық ойлау: Оқушыларға шығармашылық ойлау және креативтілік туралы негізгі түсініктер беріледі.
- Тұмар тарихы: Тұмарлардың тарихы, маңызы және әртүрлі мәдениеттерде қолданылуы туралы ақпарат беріледі.
- Жасанды интеллект: Жасанды интеллект (ЖИ) және оның өнерде қолданылуы туралы түсініктер беріледі.

Шығармашылық жаттығулар:

1) Идеяларды генерациялау: Ми шабуылы әдісі арқылы оқушылар тұмар жасауға қатысты жаңа идеялар ұсынады.

2) Ассоциациялар әдісі: Белгілі бір тақырыпқа қатысты ассоциацияларды табу және оларды тұмарға қолдану.

Тұмар дизайнын жасау:

– Қолмен сурет салу: Оқушылар өз идеяларын қағазға сурет салу арқылы көрсетеді.

- Цифрлық дизайн: Оқушылар жасанды интеллект құралдарын (мысалы, Adobe Illustrator, Procreate) қолданып, тұмардың цифрлық дизайнын жасайды.



Жасанды интеллектті қолдану:

- Дизайнды жетілдіру: Оқушылар ЖИ құралдарын (мысалы, DALL-E, MidJourney) пайдаланып, тұмардың дизайнын жетілдіреді және оның түрін әртүрлі стильдерде өзгертеді.

- Қолдану және үйрену: Оқушылар ЖИ құралдарын пайдалану бойынша нұсқаулықтарды оқиды және оларды қолдануды үйренеді.

Тұмар жасау:

- Материалдарды таңдау: Оқушылар тұмар жасау үшін қажетті материалдарды (мысалы, мата, жіп, ағаш, металл) таңдайды.

- Қолөнер процесі: Оқушылар тұмарды қолөнер тәсілдерімен (тігіс, кесу, жабыстыру) жасайды.

Өнер туындыларын талдау және бағалау:

- Талқылау: Оқушылар өздерінің және басқалардың тұмарларын талдайды, олардың дизайны мен жасалу әдістерін бағалайды.

Дескрипторлар:

- Шығармашылық ойлау және креативті қабілеттерін дамытады
- Тұмар жасау технологиясын меңгереді
- Жасанды интеллектіні қолдану арқылы инновациялық шешімдер ұсынады
- Жаңа идеялар мен инновациялық шешімдер ұсынады

Бағалау дескрипторы

Бағалау критеріі	Дескриптор	Балл
Шығармашылық ойлау және креативті қабілеттерін дамыту	Оқушы шығармашылық ойлау және креативті қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетеді, жаңа және ерекше идеялар ұсынады.	3
Тұмар жасау технологиясын меңгеру	Оқушы тұмар жасау технологиясын толық меңгеріп, барлық кезеңдерін дәл орындайды	2
Жасанды интеллектіні қолдану арқылы инновациялық шешімдер ұсыну	Оқушы технологияларды өте тиімді пайдаланып, барлық қажетті дағдыларды меңгерген	3
Жаңа идеялар мен инновациялық шешімдер ұсыну	Оқушы бейнелеу өнері арқылы жаңа және инновациялық идеялар ұсынады.	2
Жалпы ұпай	Максималды 10 ұпай	10

Күтілетін нәтиже:

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды, олар тұмар жасау технологиясын меңгереді және жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы инновациялық шешімдер қабылдайды. Оқушылар өздерінің креативті қабілеттерін жетілдіреді және өнер жобаларын жүзеге асыруда тиімді әдістерді қолданады. Сонымен қатар, оқушылар командалық жұмыс жасау және жобаларын презентациялау қабілеттерін дамытады.

№15

Кіріктірілген пәндер: Бейнелеу өнері және тарих

Тақырып: Ұлы идеялардың бастаулары

Оқыту мақсаттары:

1. Оқушыларға философия мен ғылымдағы ұлы идеялардың маңыздылығын түсіндіру және оларды көркем шығармашылықта көрсету.

2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, идеяларды нақты көркем бұйымдар арқылы бейнелеу.


Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға философия мен ғылымдағы ұлы идеялардың маңыздылығын түсіндіріп, оларды көркем шығармашылықта көрсету.

2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, идеяларды нақты көркем бұйымдар арқылы бейнелеуді үйрету.

1-тапсырма. «Ғылыми идеяларды зерттеу». Топтық жұмыс.

Белгілі бір тарихи кезеңдегі ұлы идеяларды зерттеп, оларды талдап, салыстыру жұмыстарын жасаңыздар.



Дескриптор:


1. Оқушы таңдаған ғылыми идеяның тарихын және дамуын зерттейді.
2. Ғылыми тұжырымдама немесе жаңалықтың негізгі қағидалары мен принциптерін анықтайды.
3. Ғылыми идеяның ғылыми қоғамдастықта қалай қабылданғанын зерттейді.

Тапсырма. /Жұптық жұмыс/ «Ұлы тұлғалардың өмірбаянын салыстыру»

1. Махамбет Өтемісұлы мен Уильям Шекспирдің өмірбаяндарын салыстырыңыз.



Сурет 1




Сурет 2

2. Ахмет Байтұрсынұлы мен Альберт Эйнштейннің өмір жолдарын зерттеңіз.



Сурет 3



Сурет 4

Салыстыру үшін Критерийлер:

Креативтілік және жаңашылдық: Әр тұлғаның шығармашылық және жаңашылдық қабілеттері.

Қоғамдық ықпал: Әр тұлғаның қоғамға тигізген әсері және ықпалы.

Жетістіктері: Әр тұлғаның жетістіктері және олардың маңыздылығы.

Мұра: Әр тұлғаның қалдырған мұрасы және оның ұзақмерзімді ықпалы

Тапсырма. /Топтық жұмыс/ «Ұлы Идеялар Планетасының Ертегісі»
/Үлгі/

Бір кездері ғаламның шексіз кеңістігінде бір ерекше планета болды. Бұл планета басқа планеталардан ерекше еді, себебі ол тек ұлы идеялармен, шығармашылықпен және шабытпен толы болатын. Бұл планетаны Ұлы Идеялар Планетасы деп атайтын (ертегіні жалғастыру)



5-сурет

2-тапсырма: */Топтық жұмыс/* Аристотельдің "Поэтика" шығармасына декорация (көрініс): Сахналық көріністер мен декорациялар.

Бояулар мен сурет материалдары:

- Акрилді, гуаш және майлы бояулар – сахналық декорацияларды бояу үшін.
- Фломастерлер, карандаштар, түрлі-түсті қарындаштар – қосымша сурет элементтерін қосу үшін.

Дескриптор:

- Бояуларды дұрыс таңдап, қолдана алады
- Шығармашылық және эстетикалық көріністі көрсетеді
- Тапсырманы уақытылы және жауапкершілікпен орындайды

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай ұлттық мектебі – қазақтың рухани және мәдени құндылықтарын сақтай отырып, заманауи білім беру талаптарына сай оқытудың жаңа үлгісін қалыптастыратын білім беру кеңістігі. Бұл мектептің оқу бағдарламасына «Көшбасшылық», «Ғылым» және «Шығармашылық» бағыттарын кіріктіру білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Көшбасшылық бағыты білім алушылардың басқарушылық қабілеттерін дамытып, қоғамдағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Оқу пәндеріне көшбасшылық ұстанымдарын енгізу үшін тарих пен әдебиет сабақтарында Абайдың көшбасшылық идеяларын талдау, оның ағартушылық және реформаторлық қызметін зерттеу, пікірталас пен дебат ұйымдастырып, білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту, сондай-ақ жобалық жұмыстар арқылы білім алушыларды қоғамдық өмірге белсенді араластырып, әлеуметтік бастамаларға жетекшілік етуге баулу ұсынылады.

Ғылыми бағыттың мақсаты – білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру, ғылыми әдістерді меңгерту және олардың шығармашылық ойлауын дамыту. Бұл бағытта пәнаралық байланыстарды күшейтіп, Абайдың ғылымға қатысты ойларын жаратылыстану, математика, информатика пәндерінде талқылау, жобалық-зерттеу әдістерін қолдану арқылы білім алушыларға тәжірибе жасау, деректер жинау және талдау мүмкіндігін беру, сондай-ақ STEM және STEAM форматындағы сабақтар ұйымдастырып, ғылымды технологиямен, инженериямен, өнермен және математиканы үйлестіру ұсынылады.

Абайдың шығармашылық мұрасы білім алушылардың эстетикалық талғамын, тілдік және көркемдік қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді. Сондықтан шығармашылық бағытты дамыту үшін Абай шығармашылығын әдебиет, музыка, бейнелеу өнері пәндеріне кіріктіріп, оның поэзиясын, қара сөздерін талдап, өнердің түрлі жанрларында бейнелеу, драма және театр өнерін дамытып, Абай шығармаларын сахналау арқылы олардың эмоционалдық интеллектін жетілдіру, сондай-ақ креативті жазу және журналистика сабақтарын өткізу арқылы өзіндік көзқарасы мен жазу дағдыларын қалыптастыру қажет.

Абай ұлттық мектебінде «Көшбасшылық», «Ғылым» және «Шығармашылық» бағыттарын оқу пәндерінің мазмұнына интеграциялау білім алушылардың зияткерлік, әлеуметтік және шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған. Бұл тәсіл оларды ұлттық мәдениетке құрметпен қарайтын, ғылыми жаңалықтарға бейім, шығармашыл және көшбасшылық қабілеті жоғары тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған әдістерді оқу процесіне енгізу арқылы Абайдың мұрасын жаңа буынның дүниетанымына сәйкестендіріп, оны болашақ білім беру моделінің негізгі тірегі ретінде қалыптастыруға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО–лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001093>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016013>
5. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу–әдістемелік құрал. – 2014. – 54 б.
6. Жұмақаева Б. Д.. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
7. Педагогтің цифрлық құралдары интерактивті презентациялар мен оқушыларды бағалауға арналған сервистер. Қостанай қ., 2020
8. Полина А. З. Сравнительный анализ систем общего образования в зарубежных странах: обобщение опыта изучения//Интеллигенция и мир. – 2023. – № 1.– С. 97—123. DOI: 10.46725/IW.2023.1.5
9. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2020. – 617 бет
10. Gardner, H. (1983). Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences. New York: Basic Books.
11. Armstrong, T. (2009). Multiple Intelligences in the Classroom. Alexandria, VA: ASCD.
12. Sternberg, R. J. (2003). Wisdom, Intelligence, and Creativity Synthesized. Cambridge: Cambridge University Press.
13. А. Шыныбеков, Д. Шыныбеков, Р. Жумабаев. Алгебра -8. Атамұра. 2018
14. Mathematics for the international student. R. Haese, S. Haese, M. Haese, M. Mäenpää, M. Humphries. AUSTRALIA. 2012
15. А. Абылкасымова, В. Корчевский, З. Жумагулова, А. Абдиев. Алгебра -8. Мектеп. 2016
16. А. Абылкасымова, В. Корчевский, З. Жумагулова, А. Абдиев. Алгебра -9. Мектеп. 2019
17. Ұ. Жанасбаева Математикалық сауаттылық 2 бөлім. Алматы. 2017
18. Абылгазин З., Информатика: Оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020.

19. Балабеков К., Математика негіздері және алгоритмдік ойлау. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
20. Кнут Д., Алгоритмдер және программалау өнері. – Мәскеу: Бином, 2021.
21. Пратт Т., Python негіздері: Бағдарламалауға кіріспе. – Алматы: Білім, 2022.
22. Абай атындағы ҚазҰПУ, Математикалық модельдеу және информатика курсы бойынша әдістемелік нұсқаулар. – Алматы, 2018.
23. <https://www.fuelsdigest.com/post/>
24. Мировое производство биогаза – Отчет МЭА. 12.02. 2021 год
25. <https://farabi.university/news/82871?lang=kz>
26. <https://old.aqmeshit-aptalygy.kz/uploads/posts/>
27. https://www.clipartsfree.de/images/joomgallery/originals/berufe_6/baumeister_bild_-_berufe_bilder_kostenlos
28. https://old.aqmeshit-aptalygy.kz/uploads/posts/202006/1592893021_477a93.jpg
29. https://www.clipartsfree.de/images/joomgallery/originals/berufe_6/baumeister_bild_-_berufe_bilder_kostenlos_20150718_2041815464.png
30. <https://images.app.goo.gl/ivmeg1aHzhJrKKfc7>
31. <https://biogas.su/what-is-biogas/>
- 32.1-мәтін <https://bilim-all.kz/olen/589> 2-мәтін https://adebiportal.kz/kz/news/view/sakarim-qudaiberdiuly-zastarga__13732 <https://bilim-all.kz/olen/430>
- 33.1-мәтін <https://bilim-all.kz/olen/589> 2-мәтін https://adebiportal.kz/kz/news/view/sakarim-qudaiberdiuly-zastarga__13732 <https://bilim-all.kz/olen/430>
34. Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта: Пер. с англ. — М.: ООО "И.Д. Вильямс", 2007. - 512 с: ил. - Парал. тит. англ.
35. Финляндияның Ұлттық білім беру басқармасы, 2015, 177-бет

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	3
1	Оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіру бойынша зерттеулерді талдау.....	4
2	Абай ұлттық мектебіне арналған «Көшбасшылық», «Ғылым», «Шығармашылық» бағыттары бойынша оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар	37
	Қорытынды.....	79
	Пайдаланылған дереккөздердің тізімі.....	80